



"Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ - 98 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 қыркүйекте № 24530 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережесінің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2021 жылғы 23 қыркүйектегі
№ ҚР ДСМ - 98 бұйрығына
1-қосымша

"Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалар (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережесінің (бұдан әрі – Ереже) 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және:

1) объектілерді салу үшін жер учаскесін таңдау, жобалау, жаңасын салу, реконструкциялау, қолданыстағы объектілерді қайта жабдықтау, қайта жоспарлау және кеңейту, жөндеу, пайдалануға енгізу, күтіп-ұстау мен пайдалану;

2) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу кезінде көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер және анықтамалар пайдаланылды:

1) авиациялық техникалық база (бұдан әрі – АТБ) – әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, конструкцияларын, технологиялық жабдығы мен жарағын пысықтау, ұшу ақпаратын жинау және мағынасын ашу бойынша кешенді жұмыстарды орындауға арналған құрылыстар, механикалық және басқа да құрал-жабдықтар кешені;

2) ангар – көлік құралдарын сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған құрылыс;

3) автокөлік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-әрекет жасайтын, автомобиль көлігімен жүктерді, жолаушыларды, бағажды тасымалдау, автомобиль көлік құралдарын сақтау, оларға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі қызметпен айналысатын заңды тұлға;

4) автомобиль жанар май құю станциясы – мұнай өнімдерін сақтауды және бөлшек саудада өткізуді қамтамасыз ететін жабдықпен жарақталған технологиялық құрылыстар кешені;

5) авто-газ құю станциясы – сұйытылған газды сақтауды және бөлшек саудада өткізуді қамтамасыз ететін жабдықтармен жарақталған технологиялық құрылыстар кешені;

6) автомобиль көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу (шеберханасы) станциясы – автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған құрылыстар кешені;

7) автовокзал – жолаушылар легі тәулігіне бес жүзден астам адамды құрайтын автобустардың жолаушылары мен жүргізушілеріне қызмет көрсетуге арналған құрылыстар кешені және құрамында: билет кассалары, сыйымдылығы жетпіс бестен жоғары жолаушыларға арналған күту залы бар күрделі ғимаратты, жүргізушілерді медициналық тексерістерден өткізуге және алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуге арналған медициналық пунктерді, сақтау камераларын, жолаушыларды түсіру мен отырғызуға арналған перронды, автобустарға арналған тұрақтарды, автобустарды тексеріп қарауға арналған бекеттерді, диспетчерлік пунктерді және ана мен балаға арналған бөлмені қамтитын;

8) автостанция – жолаушылар легі тәулігіне кемінде бес жүз адамды құрайтын автобустардың жолаушылары мен жүргізушілеріне қызмет көрсетуге арналған, кемінде екі жарым мың шаршы метр аумақта орналасқан және құрамында: билет кассалары, сыйымдылығы жетпіс бес адамға дейінгі жолаушыларға арналған күту залы бар күрделі ғимаратты, сақтау камераларын, жолаушыларды түсіру мен отырғызуға арналған перронды, автобустар тұрақтарына арналған, алаңды диспетчерлік пункттерді қамтитын құрылыстар кешені;

9) ауылшаруашылық әуеайлағы – авиациялық-химиялық жұмыстарды орындайтын арналған азаматтық авиация әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз етуге арналған әуеайлығы;

10) авиациялық-химиялық жұмыстар (бұдан әрі – АХЖ) – ауылшаруашылығы, орман және басқа да алқаптарда азаматтық авиация пестицидтер мен тыңайтқыштарды қолдана отырып атқаратын жұмыстар;

11) әуевокзалы – әуежайларда әуе көлігі жолаушыларына қызмет көрсетуге арналған құрылыстар мен ғимараттар кешені;

12) әуежай – әуе кемелерін қабылдауға және жөнелтуге, әуе тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған және осы мақсаттар үшін әуеайлық, әуевокзалы, басқа да құрылыстары, сондай-ақ қажетті жабдықтары бар құрылыстар кешені;

13) бластчиллер – өнімді мұздататын қарқынды салқындату аппараты;

14) борттық тағам – әуе кемелерінің авиажолаушылары мен экипажына арналған, ұшу кезінде әуе кемесінің бортында берілетін тамақ;

15) борттық тамақтандыру объектісі – борттық тағамды өндіру, қайта өңдеу, өткізу және ұйымдастыру бойынша қоғамдық тамақтану объектісі;

16) борттық тағам рационы – әуе көлігі бортында бір адамның тамақтануына арналған тамақ өнімдерінің жиынтығы;

17) вагон және локомотив депосы, локомотив-жөндеу және вагон-жөндеу зауыттары – вагондарды, локомотивтерді жоспарлы және күрделі жөндеуге, вагон, локомотив тораптары мен бөлшектерін жөндеуге және жинақтауға арналған өндірістік ғимараттар мен құрылыстар, темір жолдар кешені;

18) диспетчерлер – көлік құралдарының қозғалысын жедел бақылау және басқару орталығының (пунктінің) операторлары;

19) диспетчерлік орталық (пункт) – қажетті жабдығы бар диспетчерлердің жұмыс орындарын орналастыруға арналған ғимарат (үй-жай);

20) дефростер – өнімдерді ерітуге арналған жабдық;

21) дастархан әзірлеу бөлімшесі – борттық тағам объектісіндегі борттық тағамды жинақтауға және әзірлеуге арналған учаске;

22) дегазациялық алаң – авиациялық химиялық жұмыстар біткеннен кейін әуе кемелерін дегезациялау және пестицидтерден тазартуға арналған алаң;

23) жабық вагондарды дайындайтын кешенді пункт – азық-түліктерді, шаруашылық, қатты әсер ететін химиялық заттарды және сусымалы қауіпті жүктерді тасымалдағаннан кейін жабық вагондарды тазалауға, жууға және дезинфекциялық өңдеуге арналған объект;

24) жолаушылар вагондарына техникалық қызмет көрсету, ағымдық жөндеу және жабдықтау пункті – жолаушылар вагондарының жарамдылығын, ағымдық

жөндеуді қамтамасыз ететін және жылжымалы құрамды тексеруге, тіркемеден ажыратпай ағымдық жөндеуге және тасымалдауға дайындауға, жабдықтауға арналған темір жол көлігінің бөлімшесі;

25) жол машина станциясы – жолды орташа және күрделі жөндеуді жүзеге асыруға арналған теміржол көлігінің құрылымдық бөлімшесі;

26) жол дистанциясы – теміржолдарда ағымдық күтіп-ұстау, жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыратын теміржол көлігінің құрылымдық бөлімшесі;

27) жолаушылар ғимараты – теміржол көлігі тасымалы бойынша тұрғындарға қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар, құрылыстар кешені (жолаушылар платформалары және вокзал өтпелерін қоса алғанда) және басқада мүлік түрлері;

28) жұмыс аймағы – тұрақты немесе уақытша жұмыс орны орналасқан алаңның немесе еденнің деңгейінен биіктігі екі метрге (бұдан әрі – м) дейінгі кеңістік;

29) көлік – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген теміржол, автомобиль, ішкі су, әуе көлігі;

30) көлік құралдары (автомобиль, әуе, су, теміржол) мен жолаушыларға қызмет көрсету объектілері (бұдан әрі – көлік объектілері) – көлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге, жууға және жарақтандыруға, сондай-ақ жолаушыларға, багажға, жүк-багажға, жүктерге және пошта жөнелтілімдеріне қызмет көрсетуге арналған көліктің жылжымайтын мүлік құрылысы немесе құрылыстар кешені;

31) касалетка – тамақ өнімдерімен жанасуға арналған, тамақ өнімдерімен жанасатын материалдарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін материалдардан (оның ішінде алюминий фольгадан, полимерден, шыныдан, фарфордан) жасалған, тамақ өнімдерімен жанасуға арналған қолдану жөніндегі таңбаға сәйкес тамақтандыруды (оның ішінде борттық тамақтандыруды) ұйымдастыру үшін пайдаланылатын тұтыну қаптамасы (жабылатын ыдыс, контейнер);

32) қалыпқа келтіру пойызы – рельстердің жолдан шығуынан және жылжымалы құрамның соқтығысуынан болған зардаптарды жоюға, сондай-ақ апатты жағдайларда көмек көрсетуге арналған пойыз;

33) өзен порты – жолаушылар мен кемелерге қызмет көрсету, жүктерді тиеу, түсіру, қабылдау, сақтау және беру, көліктің басқа да түрлерімен өзара іс-қимыл жасасу мақсатында құрылған және жабдықталған, жер учаскесінде және ішкі су жолдары акваториясында орналасқан құрылыстар кешені;

34) өндірістік жүк тиеу кешендері – шаңдағыш жүктерді тиеуге, түсіруге, қабылдауға, сақтауға, беруге және қайта өңдеуге арналған құрылыстар кешені;

35) порциялау – шикізаттың, жартылай фабрикаттардың және дайын тамақ өнімдерінің, оның ішінде алкогольсіз және алкогольді сусындардың массасы және (немесе) көлемі және (немесе) саны бойынша бөлу;

36) пестицидтер – зиянды ағзалармен күресу үшін қолданылатын химиялық заттар. Пестицидтерді мынадай топтағы заттар біріктіреді: арамшөптерді жоятын – гербицидтер, зиянкес-насекомдарды жоятын – инсектицидтер, патогенді саңырауқұлақтарды жоятын – фунгицидтер, жылықанды зиянды жануарларды жоятын – зооцидтер және басқа да зиянды ағзалармен күресу үшін қолданылатын химиялық заттар;

37) санитариялық-карантиндік тұйық – карантиндік немесе аса қауіпті инфекциялық аурумен ауыратын науқаспен байланыста болған жолаушылары бар вагонды оқшаулауға және қоюға арналған теміржол төсеміндегі учаске;

38) санитариялық арнайы киім (бұдан әрі – санитариялық киім) – шикізатты, қосымша материалдарды және дайын тағам өнімдерін механикалық бөлшектермен, микроорганизмдермен және басқа да ластанудан қорғауға арналған, тамақ өнімдері өндірісінде қолданылатын персоналдың қорғаныш киімінің жиынтығы (бас киім немесе шашқа арналған тор, күртеше шалбарымен немесе халат (бір рет немесе бірнеше рет қолданылатын), бетке арналған қорғаныш перде, сақал (мұртқа) арналған тор, алжапқыш, аяқ киім, қолғап (бір рет немесе бірнеше рет қолданылатын); бұдан басқа жабдықты, ыдыс, мүкәммалды жуумен айналысатын персонал үшін – су сормайтын материалдан жасалған алжапқыш, мейрамханадағы даяшылар үшін мата қолғап);

39) теміржол вокзалы – тұрғындарды теміржол көлігімен тасымалдау және багажды, жүк-багажды қабылдау-беру бойынша қызмет көрсетуге арналған ғимараттар, құрылыстар (жолаушы платформаларын және вокзал өтпелерін қоса алғанда) және басқа да мүлік түрлерінің кешені;

40) тоңазытқыш элемент – ішіне су толтырылған, тұмшаланған жабық ыдыстағы салқындатқыш элемент, ол пайдалану алдында мұздатылады және контейнерде 0 градус Цельсийден +8 градус Цельсийге (бұдан әрі – °C) дейінгі температура шегінде ұстап тұрады;

41) теңіз порты – Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелерінде орналасқан, кемелерге, жолаушыларға, багажға қызмет көрсетуге және жүктермен жасалатын операцияларды жүзеге асыруға, сондай-ақ теңіз көлігі қызметінің өзге де мақсаттарына арналған құрылыстар кешені;

42) тиеу алаңы – әуе кемелеріне пестицидтер тиеу алаңы.

3. Көлік объектілерінде Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар жүргізіледі.

4. Көлік объектілерінің қызметкерлері "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдык зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазаны № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес міндетті медициналық тексеріп-қараудан өтеді.

5. Көлік объектілерінде осы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайлары сақталады.

6. Көлік объектілерінің өндірістік үй-жайлары мен жұмыс орындары алғашқы көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген Автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9649 болып тіркелген) сәйкес дәрі-дәрмектер мен таңу құралдары жиынтығы бар медициналық қобдишамен қамтамасыз етіледі.

7. Қызметкерлердің халықтың декреттелген топтарында "Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № ҚР ДСМ-196/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21652 болып тіркелген) сәйкес нысан бойынша медициналық тексерістен, гигиеналық оқытудан өткені және жұмысқа жіберілгені туралы белгілері бар жеке медициналық кітапшасы болады.

2-тарау. Көлік құралдары мен жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерін салу үшін жер учаскесін таңдауға, жобалауға, жаңасын салуға, қолданыстағы объектілерді реконструкциялауға, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға және кеңейтуге, жөндеуге және

пайдалануға енгізуге, күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

8. Көлік объектілерін салу үшін жер учаскесін таңдау, жаңа жобалау кезінде "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 30) тармақшасына және 51-бабының ережелерінде көрсетілген селитебті аумақтардың және рекреациялық аймақтардың ық жағынан көзделеді.

9. Көлік объектілері орталықтандырылған салқын және ыстық су жүйелерімен қамтамасыз етіледі. Орталықтандырылған су құбырына сумен жабдықтау жүйесіне қосылу мүмкіндігі болмаған кезде орталықтандырылмаған және (немесе) дербес ауыз сумен жабдықтау жүйелері пайдаланылады немесе сырттан әкелетін ауыз су пайдаланылады.

Сырттан әкелетін ауыз суды жеткізу судың қайталап ластануын болдырмайтын таңбаланған тығыз жабылатын ыдыстарда, арнайы осы мақсаттарға арналған изотермиялық ыдыстарда (цистерналарда) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) талаптарына сәйкес келетін көлік құралдарымен жүргізіледі. Сырттан әкелетін ауыз суды тікелей күн сәулесінің және атмосфералық жауын-шашынның әсерін болдырмайтын жағдайларда арнайы бөлінген орындар мен тамақ өнімдерімен байланыста болатын материалдарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін материалдардан жасалған ыдыстарда сақталады.

10. Көлік объектілерінде шаруашылық-ауыз сумен арналған су Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында (бұдан әрі – "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары) белгіленген талаптарға сәйкес келетін шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға арналған салқын және ыстық су пайдаланылады.

11. Көлік объектілерін орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесіне қосу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жергілікті су ысыту жүйесінің жабдығы көзделеді.

12. Шаруашылық-ауыз су және өндірістік сумен жабдықтау жүйелері бөлек көзделеді.

13. Керек-жарақ пунктінде су құбырының желісі ұстатқыштармен (ажырату және жөндеу жұмысын жүргізу үшін) жалғастырылған кемінде негізгі екі магистралі бар айналмалы жүйе түрінде көзделеді.

14. Керек-жарақ пункттерінде, теміржол жол аралықтарында орналасқан су тарату колонкалары (бұдан әрі – су тарату колонкалары), шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша теңіз және өзен жағалауы қондырғылары (бұдан әрі – жағалау қондырғылары) суды бұру жүйесіне судың ағысы үшін еңісі бар бетон су ағатын жол орнатылады, мұз қатудан, дренаждан қорғаныш құрылғылармен жабдыкталады.

15. Су тарату колонкалары мен жағалау қондырғылары су құю шлангісі басының ластануын болдырмайтын құрылғылармен жабдыкталады. Вагондарға, су көлігіне су құю аяқталған соң, су құю шлангілерінде қалған су төгіледі. Су толтыру шлангілерінің басын жерге сүйретіп тасымалдауға жол берілмейді.

16. Көлік объектілерінде өндірістік, жерүсті жауын-шашын (жаңбыр) ағыстарын, сарқынды суларды қабылдауды қамтамасыз ететін суды бұру жүйесі көзделеді.

17. Көлік объектілері орталықтандырылған суды бұру жүйесіне қосылады, ал ол болмаған кезде дербес (жергілікті) суды бұру жүйесі көзделеді. Суды бұру жүйелерімен жабдықталмаған көлік объектілерінде сыртқы дәретханалар ғимараттан кемінде 25 м қашықтықта шаруашылық аймағында жерасты су өткізбейтін сыйымдылықпен (шұңқырмен) орнатылады.

Жерасты су өткізбейтін сыйымдылық құрылыстар (шұңқыр, септик) көлемінің үштен екісінен аспайтын бөлігі толтырылғаннан кейін уақтылы тазартылады, дезинфекцияланады, оларды орналастыру сарқынды суларды қауіпсіз бұруды ескере отырып жүзеге асырылады. Жергілікті тазарту құрылыстары (құрылғылары) өндірушінің техникалық құжаттамасына сәйкес жабдыкталады.

18. Көлік объектілерінің аккумулятор цехында (бөлімшесінде) сарқынды суларды және пайдаланылған электролитті тазалау және бейтараптандыру үшін су бұрудың бөлек жүйесі жабдыкталады.

Сақтау және жұмыс бөлмесі бөлек сорып тарту және шығару желдеткіші бар ғимараттың бірінші қабатында орналасуы қажет. Бөлмені ішкі әрлендіру агрессиялық заттарға төзімді материалдан жасалады.

Ылғалды режимде жұмыс жасалатын бөлменің қабырғалары бүкіл биіктігі бойынша қолдануға рұқсат етілген жуғыш және дезинфекциялық құралдармен жуылатын ылғалға төзімді материалдан жасалады.

19. Жабық вагондарды дайындайтын кешенді пунктте сарқынды сулар механикалық тазартудан, тұндырылғаннан, залалсыздандырылғаннан, сондай-ақ бейтараптандырылғаннан кейін су бұру жүйесіне шығарылады.

20. Көлік объектілерінде Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтеріне (бұдан әрі – Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтер) сәйкес табиғи және (немесе) жасанды жарықтандыру көзделеді.

Қолданылған люминисцентті шамдар, құрамында сынабы бар құралдар мен жабдықтар сақтау және тасымалдау кезінде олардың тұтастығының бұзылуын болдырмайтын, тығыз жабылатын ыдыстарда тасымалданып, сақталады.

Сынабы бар құралдарды сақтайтын үй-жайларында температура +18 °С аспайды, бақылау үшін термометрлер орнатылады.

21. Көлік объектілерінде +18 °С-тан +24 °С-қа дейінгі температура параметрін, 50-60% (бұдан әрі – %) ауаның салыстырмалы ылғалдылығын қамтамасыз ететін табиғи және (немесе) жасанды желдету, жылумен жабдықтау, және (немесе) ауабаптау жүйелері көзделеді.

22. Көлік объектілеріндегі аккумулятор бөлімшесінің үй-жайларындағы температура +15 °С-тан +20 °С-қа дейін болып көзделеді.

23. Көлік объектілерінің сыртқы кіру және шығу есіктері ауа-жылу перделерімен жабдықталады.

24. Химиялық зиянды заттар мен шаң-тозаң шығару мен ілесетін технологиялық жабдығы мен процестері бар көлік объектілерінің үй-жайлары жергілікті сору желдеткішінің құрылғыларымен (жергілікті сору) жабдықталады.

25. Ауаға зиянды химиялық заттар мен ылғал шығару көзі болып табылатын жабдықтарда (бактар, ванналар) жабық құю көзделеді.

26. Шу және діріл көздері бар көлік объектілерінің үй-жайлары (цехтар, учаскелер) басқа өндірістік үй-жайлардан алшақ орналастырылады. Қыс мерзімінде дірілдік қауіпті аймақтарда температура реттегіші бар жергілікті жылыту құралдары орнатылады.

Дірілі бар жабдықпен жұмыс жылуы бар бөлмелерде (ауа температурасы 16 оС, ылғалдылығы 40-60 % және ауа жылжу жылдамдығы секундына 0,3 метр (бұдан әрі – м/с)) жүргізіледі. Демалу бөлмелерінде ауа жылжу жылдамдығы 1-2

м/с болатын қолды жылы ауамен (25-28 оС) жергілікті жылытатын құралдар көзделеді.

27. Жұмыс орындарында діріл тудыратын жабдық бөлек іргетастарға немесе дірілді оқшаулағышы (дірілді басатын төсеніштер мен кілемшелер) бар ұстап тұратын конструкцияларда орнатылады.

28. Депо цехтарындағы рельс жолдары тығыз дірілді шектеуші негізге салынады. Дизель-генераторының қабырғалық сынақтары басқа үй-жайлардан және персонал орналастырылған басқару пультінен дыбыстық шектелген бөлек үй-жайларда жасалады.

29. Көлік объектілерінде шудың, дірілдің, инфрадыбыстың деңгейі Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтеріне сәйкес қамтамасыз етіледі.

30. Көлік объектілерінде техникалық персонал, сондай-ақ жөндеу, қалпына келтіру, тиеу-түсіру, сырлау жұмыстарымен, техникалық қызмет көрсетумен, тазалаумен, жуумен, дезинфекциялаумен айналысатын қызметкерлер үшін:

1) арнайы және жеке киімдерді бөлек сақтауға арналған шкафтары бар киім ілетін орын;

2) арнайы киімді кептіруге арналған үй-жайларды, жылыну бөлмесін және қысқа уақыт демалатын бөлме;

3) себезгі бөлмесі;

4) санитариялық тораптар;

5) тамақ ішетін үй-жайды (пунктті) қамтитын санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар қарастырылады.

Барлық теміржол аралығы жұмыскерлері үшін демалу мен жылынуға арналған бөлмелері көзделеді. Бөлменің ауданы бригададағы бір жұмыскерге есептегенде кемінде 0,3 шаршы метрден (бұдан әрі – м²) есеппен алынады. Аралықта жұмыс істейтін жұмыскерлерге жаз мезгілінде ауыз суы бар ыдыстарды ашық ауада, тұғырықтарда, тікелей күн сәулесі мен атмосфералық жауын-шашынның әсерін болдырмайтын арнайы бөлінген орында орнатуға жол беріледі.

31. Қысқа уақыт демалатын орындар мен жылынуға арналған үй-жайларды (пунктерді) тамақты ысытуға арналған жабдықпен және тоңазытқышпен, ыдыс-аяққа арналған шкафпен жабдықталған тамақтануға арналған үй-жайлармен біріктіруге жол беріледі.

Локомотив бригадалары, жол қызметтері, электрлендіру, сигнал беру, байланыс және басқа көлік объектілері қызметтерінің желісіндегі жұмыскерлерге ыстық тамақпен қызмет көрсету кезінде термостар беру көзделеді.

Бұл ретте, тамақтану орнында үстелдер, отырғыштар, қол жуғыштар, тамақты жылытуға арналған жабдық (мысалы, газ плиталары (жылжымалы баллонмен)) орнатылады.

32. Себезгі бөлмелері салқын және ыстық су келіп тұратын кабиналармен жабдықталады.

33. Көлік объектілері ыстық және салқын су келіп тұратын раковиналар, қол жууға арналған заттар, бір рет қолданылатын сүлгі немесе электр сүлгі қарастырылған санитариялық тораптармен жабдықталады.

34. Көлік объектілерінде, оның ішінде өндірістік және санитариялық-тұрмыстық үй-жайларда функциональдық мақсаты бойынша пайдаланылатын жинау мүкәммалын жууға, кептіруге, сақтауға арналған үй-жай (орын) бөлінеді. Себезгі бөлмелері салқын және ыстық су келіп тұратын кабиналармен жабдықталады. Қабырғалары мен төбелері ылғалды жуу мен дезинфекцияға төзімді материалдан жасалады.

35. Арнайы киімді және арнайы аяқ киімді кептіру жылытылған және ылғал ауаны соратын құрылғылармен жабдықталған киім ілетін шкафтарда жол беріледі.

Өндірістік үдерісі зиянды заттар бөлумен байланысты қызмет жұмыскерлерінің (оның ішінде аккумуляторшылар, аппаратшылар, сырлаушылар, темір құюшылар) киім ілетін шкафтары жасанды желдетумен жарақталады.

36. Арнайы киімді залалсыздандыруға және шаңсыздандыру үшін бөлек үй-жайлар көзделеді.

37. Неғұрлым саны көп ауысымда жұмыс істейтін адамдардың ішінде әйелдер саны 15-тен асатын болса, әйелдердің жеке гигиенасына арналған үй-жай көзделеді.

38. Әйелдер саны 15-тен аз болғанда тұрмыстық үй-жайлар жанындағы әйелдерге арналған санитариялық торапта орналастырылған гигиеналық себезгісі бар арнайы кабина орнатуға жол беріледі.

39. Тұрмыстық қатты қалдықтарды (бұдан әрі – ТҚҚ) және өндірістік қалдықтарды жинау үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

21934 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы) сәйкес жабдықталған арнайы алаң бөлінеді.

ТҚК және өндірістік қалдықтарды шығару № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Басқаруында жолаушылар мен көлік объектілеріне қызмет көрсету жөніндегі жеке және заңды тұлғалар санитариялық-қорғау аймағының шекарасындағы атмосфералық және жұмыс аймағының ауасындағы физикалық фактор деңгейі мен зиянды заттардың мөлшеріне, борттық тамақтану объектілердегі тамақ өнімдердің және пайдаланылатын ауыз су сапасы мен қауіпсіздігін бақылау үшін өндірістік бақылаудың жүргізілуін қамтамасыз етеді.

41. Құрылыс пен жөндеу жұмыстары өндірістері орындарындағы аралықтарда уақытша жылынатын және демалу орындары, атмосфералық жауын-шашын мен күн радиациясынан қорғаныш (жиналмалы бөлмелер, қалқа, шатыр, желден қорғайтын қоршауларды қоса алғанда) көзделеді.

Елді мекендерден тыс орналасқан учаскелерде сыртқы дәретханаларды орнату қамтамасыз етіледі. Жол айыру бекеттерінде суды бұру желісі болмаған жағдайда, жерасты су өткізбейтін сыйымдылығы (шұңқыры) бар сыртқы дәретханалар жабдықталады.

1-параграф. Локомотив және вагон депосын, локомотив және вагон-жөндеу зауыттарын күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

42. Локомотив және вагон депосының, локомотивтік және вагон-жөндеу зауыттарының аумағы өндірістік, әкімшілік, қоймалық учаскелерге бөлінеді. Деполар және зауыттарда шулы және дірілді операциялар жұмысты орындауда шуы аз механикаландырылған операцияларға ауыстырылады, сондай-ақ дыбыс сіңіргіш және оқшаулағыш материалдар қолданылады. Вагондарды және жарты вагондарды деполық жөндеу цехтарында оларды қолдан әзірлеу кезінде жеке элементтерді ауыстыруды, тіреуіштерді ажырату және одан әрі қондыру бойынша операциялар жаңғырту арқылы шуды төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізу қамтамасыз етіледі.

43. Цистернаның автоматты желілерінде ауатаратқыштардан сығылған ауа шығатын жерлерде реактивті бәсеңдеткішті пайдалану қамтамасыз етіледі. Темір соғу-қю цехтарында отын, сығылған ауа немесе бу шыққан кезде қыздыру пешінде қысымы төмен форсункалар (қысымы жоғары форсунканың орнына) қолданылуы көзделеді. Қол пневматикалық құралдарын (оның ішінде тегістейтін машина, гайковерт) қолданған кезде міндетті түрде шу деңгейін төмендететін сериямен шығарылатын бәсеңдеткіштер қолдану міндетті, сонымен қатар мерзімді паспортизациялау және уақтылы жөндеуден өткізіледі.

44. Депо және жөндеу зауыттарындағы цехтарда шулы агрегаттарды қамтитын станоктар мен арнайы камералар сыртынан қапталады. Дірілі бар механизмдер, қаптамалар, құбырлар арнайы жапсырмалармен немесе жалпақ материалмен (оның ішінде киіз, асбест, резеңке) қапталады.

Машиналарда, технологиялық жабдықтарда, қол құралдарымен діріл қауіпі бар кәсіпте жұмыс істейтіндер және діріл әсер ететін жұмыскерлерді әр алты ай сайын ағзаға діріл әсер етумен байланысы жоқ басқа жұмыста пайдалану көзделеді.

45. Өндірістік процесі мол жылу шығарумен байланысты жеке санаттағы жұмыскерлер үшін (оның ішінде темір ұсталары, ыстық металды өңдейтін рессоршылар, от жағушылар) жұмыскерлердің салқындауы үшін арналған құрылғылар мен бөлмелер – жартылай себезгілер мен қол ванналары жабдықталады. Шпалдарды өңдеумен айналысатын жеке санаттағы жұмыскерлер (станочниктер) үшін арнайы аяқ-киімді жууға арналған құрылғылар орнатылады.

46. Вагондарды, локомотивтерді тазарту, жуу, құрғату жуылатын бөлімшелерде немесе жеке ғимаратта жүргізіледі.

47. Жуатын машиналар немесе аппараттар желдету жүйесімен және тазарту, сарқынды суларды бұру мен қайта қолдану, қоқысты механикалық тазарту құрылғыларымен жабдықталады. Байқау арықтары едені майланған май мен мұнай өнімдерінен үнемі тазартылады.

Байқау арықтарының едені майдан тазартуға ыңғайлы болу үшін тазартуға жеңіл болатын материалмен қапталады. Су бұру 3 градустан (бұдан кейін - о) кем емес еңісте ашық астау бойымен жүргізіледі. Жүру бөліктері сілтімен жуылады. Осы мақсатқа жабық камерада жуғыш машиналар, электрмашиналар мен электраппараттары үшін үрлейтін камералар қарастырылады.

48. Жылжымалы құрамның жөндеуге алынған барлық агрегаттары мен бөлшектері кір мен майдан тазартылады. Осы мақсатқа тығыз жабылған камерада жуғыш машиналар, электрмашиналар мен электраппараттар үшін үрлейтін камералар қарастырылады.

Сарқынды суларды бұру тазарту құрылғылары арқылы су бұру жүйесіне қарай көзделеді. Төгілген электролиттер (қышқыл, сілті) бейтараптандырылады.

Электрпоездар, дөңгелектер және арбаларды жуатын машиналар, сондай-ақ бөлшектерді жуатын машиналардан төгілетін сарқынды суларды, аккумуляторлар электролиттерін тазартусыз және бейтараптандырусыз су бұру жүйесіне төгуге жол берілмейді.

49. Аккумуляторлық бөлімшелер оқшау бөлмеде орналастырылады. Аккумуляторларды жөндеу мен зарядтауға арналған бөлмелердің едені мен

кабырғасы еденнен 2 м биіктікте қышқыл-сілтіге төзімді жабынмен қапталған, еденде – су бұру жүйесіне еңіс болу керек.

Қышқылды және сілтілі аккумуляторларды жөндеуге арналған өндірістік бөлмелер бөлек жалпы айналымды механикалық желдетумен, пайдаланылған электролиттерді төгетін және мырыштан бөлшектерді балқытып дәнекерлейтін орындар – жергілікті сорғыштармен жабдықталады.

50. Зарядтайтын, жуып-бөлшектейтін және жинақтайтын бөлмелерде еденді шлангыдан, су ағысымен жууға қажет жинағыш трап қондыру қажет. Аккумуляторлық бөлімшелерді жылыту үшін ашық пештерді, электр пештерді және электр плиталарды қолдануға рұқсат етілмейді.

51. Қышқылдарды сақтау және электролиттерді дайындау үшін бөлек сорушығару желдеткіші бар бөлме бөлінеді. Қышқылды құю жеке қорғау құралдарымен технологиялық құрылғылармен жүргізіледі. Аккумуляторлық бөлімшелерде арнайы орындарда қышқылдар мен сілтілермен зақымданған жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсету құралдары сақталады.

52. Аккумуляторлық үй-жайлар электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес келеді.

53. Негізгі жұмыс орындарында жасанды жарықтандыру, көзбен көру жұмыстарының сипатына байланысты:

1) дәлдігі аз жұмыс үшін (слесарь-жөндеушілер, слесарь-сантехниктер, аккумуляторшылар, соғушылар) – 100-ден 200 люкске дейін (бұдан әрі – лк);

2) дәлдігі орташа жұмыс үшін (ағаш ұстасы-жонушылар, ағаш ұсталары, фрезеровщиктер, бақылау-өлшеу құрылғыларының слесарьлары, радиомеханиктер) – 150-ден 300 лк дейін құрайды.

Негізгі жұмыс орындарында табиғи жарықтандыру коэффициенті:

1) жоғарғыдан және бүйірден жарық түсіру кезінде – 3-тен 4% дейін;

2) бүйірден жарық түсіргенді – 0,8-ден 1,2% дейін құрайды.

2-параграф. Жолаушылар вагондарына техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу және жабдықтау пункттерін күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

54. Жолаушылар вагондарына техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, жабдықтау пункттерінің аумағында мынадай учаскелер көзделеді:

1) вагондарды тазалау және сыртын жуу;

2) вагондарды дезинфекциялық өңдеу;

3) вагондарды тұрақта ұстау, жөндеу, ішін жинау;

4) вагондарды мүкәммалмен жабдықтау, отынмен жабдықтау және су құю.

55. Керек-жарақ пунктінде вагон жуғыш машиналар көзделеді және жабдықталады. Вагондар, вагон жуу машиналары жыл бойы жууды қамтамасыз ету үшін жылу перделері мен калориферлері бар (жылдың салқын мезгілінде вагондарды кептіру үшін) жабық үй-жайда орнатылады. Вагон жуу машинасының жұмыс тұйық циклімен қолданылады. Жолаушылар құрамдарын жуу үшін қайта пайдалану алдында айналым суы жергілікті тазалау құрылыстарында мұнай қалдықтарынан, зиянды заттардан тазартылады және залалсыздандырылады.

56. Жуу және дезинфекциялау құралдарының қоры бөлек үй-жайда сақталады.

57. Керек-жарақ пунктінде стеллаждармен немесе шкафтармен жабдықталған төсек жабдықтарын, төсек керек-жарақтарын, алмалы-салмалы жұмсақ мүкәммалды қабылдауға, сақтауға және беруге арналған бөлек үй-жайлар көзделеді.

Бұл ретте, таза және төсек-жаймалар араластырмай және жанастырмай, технологиялық процестің ағымдылығын сақтау қамтамасыз етіледі.

Таза және кір киім-кешектерді тасымалдауға арналған арбалар немесе аз механикаландыру құралдары (кез келген тәсілмен) таңбаланады.

58. Сервистік қызмет көрсету өнімі бөлек үй-жайда сақталады.

59. Рейске жүретін жолаушы вагондарына отын қапталған түрде арнайы көлікпен жеткізіледі және жабдықтау бригадасы жұмыскерлері жәшіктерге жинайды.

60. Керек-жарақ пунктінде төсек жаймаларды, төсек жабдықтарын, стеллаждар немесе шкафтар жабдықталған алмалы-салмалы жұмсақ мүкәммалдарды қабылдау, сақтау және беруге арналған бөлме, вагондардың аккумулятор батареясын және тұру кезінде тоңазытқыш қондырғыларын зарядтау үшін қауіпсіз электрмен зарядтау құрылғылары қарастырылады.

61. Вагон жуатын машина болмаған жағдайда жуу қауіпсіздік ережесін сақталған жолаушылар вагондарының сыртын және арнайы киім қолданылған жағдайда қолмен жуылады. Жуу арнайы бөлінген орында жүргізіледі. Сарқынды суды тазарту мен ағызу тұндырғышта жүргізіледі.

3-параграф. Жабық вагондарды дайындайтын кешенді пунктті күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

62. Жабық вагондарды дайындайтын кешенді пункттің (бұдан әрі – ВДКП) құрамында:

1) жүктердің қалдықтарын түсіруге және вагондарды өндеуге арналған учаскелер;

2) вагон жуу машиналарына арналған үй-жай;

3) вагондардың сыртын жууға арналған ангарлар, вагондарды жөндеуге арналған цех;

4) вагондарды өңдеумен айналысатын жұмыскерлерге арналған санитариялық өткізу орны көзделеді.

63. Вагондарды тасымалдауға дайындау кезінде тасымалданған жүктің түріне байланысты ВДКП-да:

- 1) тексеру;
- 2) вагондарды жүктің қалдықтарынан тазарту;
- 3) кузовтың ішкі беттерін жуу;
- 4) вагондарды кептіру жүргізіледі ретімен жүргізіледі.

64. Қауіпті жүктер тасымалдағаннан кейін вагондарды өңдеу учаскесінде қауіпті жүктердің қалдықтарын жинауға, сарқынды және жуынды суларды залалсыздандыруға арналған алаң, жекелеген суды бұру көзделеді.

4-параграф. Жол машина станциясын, қалпына келтіру пойызын күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

65. Жол машина станциясын, қалпына келтіру пойызының вагонында жатын купе, себезгі бөлмесі, киім ілетін орын, арнайы киімді кептіруге арналған үй-жай, тамақтануға арналған бөлік көзделеді.

66. Тамақтану бөлігінде:

- 1) ыдыс-аяққа арналған шкаф;
- 2) ыстық және салқын су келіп тұратын раковина;
- 3) суды қайнатуға арналған қондырғы;
- 4) тоңазытқыш жабдық;
- 5) ас үй-асхана мүкәммалы көзделеді.

67. Жол машина станциясының, қалпына келтіру пойызының құрамында стеллаждармен жабдықталған тамақ өнімдері қорын сақтауға арналған вагон көзделеді.

68. Қалпына келтіру поездарының жұмыс аймағының ауасына зиянды заттарды бөлетін стационарлы өндірістік бөлмелері, сондай-ақ жылжымалы электростанциясын орналастыруға арналып қайта жабдықталған вагон, тракторларға, тартқыштарға арналған вагон-қойма, бульдозерлерге, сорып тартатын және сорып шығаратын желдеткіш жүйелерімен жабдықталады.

69. Қалпына келтіру поездарында зауыттық, типтік киім-кешек (купе, жұмыс аймағы), төсек жабдықтары, тамақ өнімдерінің қоры, жуу және дезинфекциялау құралдары көзделеді.

5-параграф. Көлік объектілерінің диспетчерлік орталығын (пунктін) күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

70. Көлік объектілерінің диспетчерлік орталығының (пунктінің) (бұдан әрі – орталық) үй-жайларын жертөле үй-жайларында орналастыруға жол берілмейді.

71. Орталықтың қабырғалары мен төбелерінің жабыны дыбыс өткізбейтін материалдардан жасалады.

72. Диспетчердің бір жұмыс орнының ауданы кемінде 6 шаршы метрді (бұдан әрі – м²) құрайды. Отырып жұмыс атқарылатын орындар, көтерілетін – айналмалы орындықпен және рационалды құрастырылған аяқ демеуішпен, еңбек сипатына қарай – арқалығы бар орындықпен және демалуға арналған орындықпен жабдықталады.

73. Диспетчерлердің жұмыс орындарындағы электростатикалық және электромагниттік өрістердің кернеулігінің шекті рұқсат етілген деңгейі, жиілік диапазонында құрайтын 30 кГц–300 мегаГерц электрлі және магниттік кернеуліктің шекті рұқсат етілген деңгейі, жиілік диапазонда 300 гигаГерц дейінгі 300 МГц жоғары энергия ағысы тығыздығының шекті рұқсат етілген деңгейлері осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаның 1, 2 және 3-кестелеріне сәйкес айқындалады.

6-параграф. Локомотив бригадаларының демалыс үйін күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

74. Локомотив бригадаларының демалыс үйінің ғимаратында мақсаты бойынша: жатын бөлмелері, тамақтану арналған үй-жайлары (пункт, асхана), киім ілетін орын, киім-кешек қоймасы (қойма), себезгі, арнайы киімді және аяқ киімді кептіруге арналған үй-жай, санитариялық тораптар көзделеді.

75. Жатын бөлмелерінің ауданы бір адамға кемінде 6 м² болып көзделеді.

76. Киім-кешек қоймасы (қойма) шкафтармен немесе стеллаждармен жабдықталған таза және лас киім-кешектерді бөлек сақтауға арналған үй-жайлардан тұрады. Төсек жабдықтары: жастықтар, матрастар, көрпелер және жапқыштар жылына кемінде бір рет камералық жолмен дезинфекцияланады, төсек жаймалар – әр қолданылғаннан кейін, жапқыштар – айына кемінде 1 рет, жастық және матрас тыстары жылына кемінде 1 рет және эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша жуылады.

7- параграф. Автокөлік кәсіпорындарын күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

77. Автокөлік кәсіпорнының аумағында:

1) өндірістік цехтар;

2) көлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуге және сақтауға арналған ангарлар көзделеді.

78. Автокөлік кәсіпорнының аумақтарында өндірістік жауын-шашын және тұрмыстық су бұру көзделеді.

Орталықтанған суды бұру жүйесіне қосылу мүмкін болмаған кезде жергілікті су бұру жүйесі көзделеді.

79. Жолаушылар автобусы парктерінде жуу машиналары көзделеді және жабдықталады. Жуу машиналары (аппараттар) тәулік бойы жууды қамтамасыз ету үшін жылу перделері немесе калориферлері (жылдың салқын мезгілінде автобустарды кептіру үшін) бар жабық үй-жайларда орнатылады. Жуу машинасы (аппараты) жұмысы тұйық циклімен қолданылады.

80. Жолаушылар автобустарын қыс мезгілінде жуу жабық үй-жайда, жаз мезгілінде жуу құралдарын қолдана отырып, су келтіріліп жабдықталған алаңда жүргізіледі.

8- параграф. Авиациялық техникалық базаны күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

81. АТБ аумағында:

- 1) өндірістік ғимарат;
- 2) ангар алды тұрақтар;
- 3) ангарлар;
- 4) зертханалар мен өндіріс цехтары;

5) АХЖ жүргізу кезінде авиациялық аппаратураларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу цехы, АХЖ-мен айналысатын әуе кемелерін және авиациялық аппаратураларды газсыздандыруға және жууға арналған арнайы алаңдар көзделеді.

82. АТБ-ның жанында қызметкерлерге медициналық-профилактикалық қызмет көрсетуге арналған (денсаулық сақтау пункті) және тамақтануға арналған үй-жайлар көзделеді.

83. АТБ-ның өндірістік үй-жайларындағы және аумағында жұмыс орындарындағы өндірістік операциялар үшін жиіліктің октавалық жолақтағы дыбыс қысымының рұқсат етілген деңгейі, децибелмен (бұдан әрі – дБ) есептелетін дыбыс деңгейі және балама дыбыс деңгейі осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымша көрсеткіштеріне сәйкес.

84. Авиакөзғалтқыштарды іске қосу және сынақтан өткізу қажет болғанда ағынды бұратын құрылғылармен жабдықталған арнайы мақсаттағы алаңдарда немесе алаңдарда немесе тұрақ орындарында жүргізіледі.

85. Әуе кемелерінің сыртын жуу арнайы сұйықтықтарды, қалдықтарды (шайындыларды) жинауға және шығаруға арналған құрылғылармен немесе дренаждық жүйемен жабдықталған алаңдарда жүргізіледі.

9-параграф. Теңіз және өзен порттарын күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

86. Теңіз және өзен порттарында (бұдан әрі – порт):

1) жолаушылар ғимараттары (теңіз және өзен вокзалы, жолаушылар павильондары);

2) өндірістік ғимараттар;

3) өндірістік жүк тиеу кешендері (бұдан әрі – ӨЖК);

4) санитариялық-карантиндік пункттің үй-жайы (халықаралық порттарда), изоляторы бар медициналық пункт көзделеді.

87. Өзен порттары шаруашылық-ауыз суын жинау құрылыстары және ұйымдасқан мәдени-тұрмыстық суды пайдалану орындарының санитариялық қорғау аймағынан тыс және өзен ағысы бойынша тұрғын үй құрылысынан төмен орналастырылады.

88. Порттың аумағында эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу жағдайына арналған санитариялық (карантиндік) айлақ орны көзделеді.

89. ӨЖК-де шаңды азайту, газсыздандыру, арнайы киімді, арнайы аяқ киімді, жеке қорғаныш құралдарын дезактивация жасау қондырғысы бар үй-жай көзделеді.

90. Әртүрлі жүктерді порттың өндірістік учаскелерінде және ӨЖК жинау бөлек жүзеге асырылады.

91. Тез бұзылатын жүктерді түсіру көзделген порттарда тоңазытқыш үй-жайлары жабдықталады.

10-параграф. Теміржол вокзалдарын күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

92. Теміржол вокзалдарындағы бөлмелерінің құрамына билет кассалары, күту залы, санитарлық-тұрмыстық бөлмелер және ақпараттық қызмет көрсету объектілері, медициналық пункт, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аса қауіпті (карантиндік) және жұқпалы аурулардың пайда болу және таралу жағдайында эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге арналған бөлмелер көзделеді.

93. Теміржол вокзалының үй-жайларының құрамында:

1) Ана мен бала бөлмесі (бұдан әрі – АББ), қоғамдық тамақтану объектілері;

2) техникалық персоналға арналған санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар;

3) жинау мұқаммалын, жабдығын, кіші механика құралдары мен жабдықтарын сақтауға арналған үй-жайлар;

4) медициналық пункт;

5) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен эпидемияға қарсы шараларды жүргізуге арналған үй-жайы көзделеді.

94. АББ-де: жатын бөлме, санитарлық торап, тоңазытқышы мен электр шәйнегі бар тамақтанатын және тағам дайындауға арналған орындар, кір кептіретін орын, киім сақтайтын шкаф, баланы орайтын үстел көзделеді.

95. Жолаушылардың күту залдары вокзал алды алаңы мен перронымен, жолаушыларға қызмет көрсететін үй-жайлармен қатынасы бар жерүсті қабаттарында орналастырылады.

96. Бір кассирге ауданы кемінде 6 м² кассалық үй-жайларда сыртқа сорып тарту және шығару желдеткіші, табиғи және (немесе) жасанды жарықтандыру көзделеді.

97. Билет кассалары күту залынан оқшауланған жеке кабина түрінде орналастырылады, жолаушыларға қызмет көрсету санаты бойынша біріктіріп, топтастырып орналастырылады.

98. Изоляторы бар медициналық пункт теміржол вокзалының перронына, үй-жайларына шығу есігі бар және перрон жақтан арнайы автомобильдер үшін кіру жолына қолжетімді бірінші қабатта көзделеді. Есіктердің ені және оларды орналастыру зембілдермен өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

99. Теміржол вокзалында санитариялық тораптар:

- 1) ыстық және салқын су келіп тұратын раковиналармен;
- 2) киім ілгіштермен;
- 3) қол жууға арналған заттармен;
- 4) бір рет қолданылатын сүлгілермен немесе электрсүлгілерімен;
- 5) унитаздары бар жеке кабиналармен;

б) (ерлерге арналған санитариялық тораптар) унитаздарының санына сәйкес келетін писсуарлармен жабдықталады.

100. Санитариялық тораптарда жинау мүкәммалын сақтауға арналған үй-жай (орын) бөлінеді.

101. Теміржол вокзалының перрондарында, платформаларда қоқыстан күн сайын және толуына байланысты тазартылатын қоқыссалғыштар орнатылады.

102. Үй-жайларды қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, жинау күн сайын және қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

11-параграф. Автовокзалдарды, автостанцияларды күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

103. Автовокзалдар мен автостанциялар үй-жайларының құрамында:

- 1) күту залы, касса кабиналары, диспетчерлік пункт;
- 2) медициналық көмек пункті және дәріхана дүңгіршегі (автовокзалдарда);

3) санитариялық тораптары, ыстық және салқын су берілетін себезгі қондырғылары бар жүргізушілердің демалуына арналған қызметтік үй-жайларды қоса алғанда, әкімшілік және тұрмыстық үй-жайлар жатады;

4) АББ (автовокзалдарда);

5) персонал мен жолаушыларға арналған санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар;

б) жинау мүкаммалын, жабдығын, кіші механика құралдары мен жабдықтарын сақтауға арналған үй-жайлар көзделеді.

104. Жолаушылар легі тәулігіне 1000 адамнан асатын автовокзалдарда АББ құрамына:

1) балалардың және бірге жүретін ересектердің демалуына арналған кереуеті, балаларды құндақтауға арналған орны, киімдер мен заттарды сақтауға арналған шкафы бар бөлме;

2) электрлі шәйнек пен тоңазытқышы бар тамақ әзірлеуге және ішуге арналған бөлме;

3) санитариялық торап енгізіледі.

12-параграф. Аэровокзалдарды күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

105. Аэровокзалдар үй-жайларының құрамында:

1) тарату залдары, күту залдары, АББ, ұшу және ұшып келу, багажды қабылдау, беру және сақтау үй-жайлары, изоляторы бар медициналық пункт, жолаушыларға арналған санитариялық тораптар;

2) санитариялық-карантиндік пункт;

3) диспетчерлік орталық (пункт);

4) персоналға арналған санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, мүкәммәлды, жабдықты және кіші механизациялау құралдарын сақтауға арналған қойма үй-жайлары;

5) дәріхана дүңгіршіктері көзделеді.

106. Қызметтік иттерді уақытша ұстауға арналған үй-жай бөлек тұрған ғимаратта бөлінеді.

107. Жолаушылардың күту залдары жерүсті қабаттарына орналастырылады.

108. Жұмыс істеп тұрған, жаңадан салынып жатқан, реконструкциялау аэровокзалдарында күту залдары авиажолаушыларға қызмет көрсетуге жатпайтын объектілерді орналастырмай, мақсаты бойынша пайдаланады.

109. АББ-да жатын бөлмелер, дозаторы бар сұйық сабынмен жабдықталған санитариялық торап, тамақ дайындау, тамақ ішу және балаларды құндақтауға, киім-кешектерді кептіруге арналған орын көзделеді, ілгіштер орнатылады.

110. Аэровокзалдың изоляторы бар медициналық пункті ұшу алаңына, аэровокзал үй-жайларына шығатын есігі бар және ұшу алаңы жағынан арнайы автомобильдердің кіруі үшін қолжетімді бірінші қабатта орналастырылады.

Есіктердің ені және олардың орналасуы зембілдермен еркін өтуді қамтамасыз етеді.

111. Халықаралық қатынастағы аэровокзалдарда халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық

бөлімшелері аса қауіпті (карантиндік) және жұқпалы аурулар пайда болу және таралу жағдайында эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізуі үшін үй-жай көзделеді.

112. Санитариялық-карантиндік пункт ұшу алаңына шығуда, бірінші қабатта орналасады, бөлмелер жиынтығы мен жабдықталуы 2010 жылғы 28 мамырдағы Кеден одағы комиссияның № 299 шешімінің (бұдан әрі – № 299 КО шешімі) талаптарына сәйкес көзделеді.

113. Халықаралық авиа рейстерін қабылдайтын әуежайлардың өткізу пункттерінде № 299 КО шешіміне сәйкес жарақталған санитариялық тұрақтың болуы көзделеді.

114. Аэровокзалдың жертөле үй-жайында персоналға арналған санитариялық-тұрмыстық үй-жайды, санитариялық тораптарды, жинау мүкәммалын жууға, кептіруге және сақтауға арналған үй-жайларды орналастыру қамтамасыз етіледі.

115. 3-4 классты аэровокзалдар су бұру болмаған жағдайда қоғамдық био дәретханалармен жабдықталады.

116. Аэровокзалдың үй-жайларын жинау күнделікті және қажеттілігіне қарай жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі. Үй-жайларды күрделі жинау кемінде 2 реттен жүргізіледі.

117. Үй-жайларды жинау қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын қолданыла отырып жүргізіледі. Жинау мүкәммалы таңбаланады (кез келген тәсілмен) және функционалдық мақсаты бойынша пайдаланылады.

13-параграф. Теңіз және өзен вокзалдарын, жолаушы павильондарын күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

118. Жолаушы аудандары, айлақтары, учаскелері бар теңіз және өзен порттарында:

1) вестибюльдерді, кассалық, күту залдарын, АББ, изоляторы бар медициналық пунктті, жолаушыларға арналған санитариялық тораптарды;

2) диспетчерлік орталықты (пунктті);

3) қоғамдық тамақтану объектілерін, дәріхана дүңгіршіктерін;

4) персоналға арналған санитариялық-тұрмыстық бөлмені, мүкәммалды, жабдықты және кіші механизация құралдарын сақтауға арналған қоймаларды қоса алғанда, теңіз және өзен жолаушылар вокзалдары (бұдан әрі – вокзалдар), павильондар көзделеді.

119. Изоляторы бар медициналық пункт бірінші қабатта және вокзалдың ішкі үй-жайларына, айлаққа шығу құрылғысымен, арнайы автомобильдердің кіруі үшін қол жетімділікпен орналастырылады. Есіктердің ені мен олардың орналастырылуы зембілдермен өтуді қамтамасыз етеді.

120. Үй-жайларды ағымдық жинау күн сайын және қажеттілігіне байланысты жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

121. Үй-жайларды жинау қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын қолданыла отырып жүргізіледі. Жинау мүкәммалы таңбаланады (кез келген тәсілмен) және функционалдық мақсаты бойынша пайдаланылады.

14-параграф. Санитариялық-карантиндік тұйықтарды күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

122. Санитариялық-карантиндік тұйық (бұдан әрі – тұйық) ұлттық тасымалдаушы филиалдарының станцияларды (жол бөлімшелерін) санитариялық қорғау жөніндегі жоспарларында көзделеді.

Тұйық осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ашылады, ал орналастыру орны осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес орнықтырылады.

123. Тұйықтың аумағында:

1) жабық жерасты су өткізбейтін сыйымдылығы (шұңқыры) бар сыртқы дәретхана, сарқынды суларды жинауға арналған вагонның астына орнатылатын металл сыйымдылықтар;

2) ТҚҚ-н жинауға арналған контейнерлер көзделеді.

124. Шұңқырлар орналасқан аумақ периметрі бойынша 1,5 м биіктікке қоршалады. Шұңқырлар металл қақпақтармен жабылады.

Шұңқырларды қоқыс жинау үшін пайдалануға жол берілмейді.

125. Сыртқы дәретхана, шұңқырлар, қоқыс жинағыштар күніне кемінде бір рет дезинфекцияланады.

126. Тұйық орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз етіледі.

Орталықтандырылған сумен жабдықтау болмаған жағдайда, вагондарға су құю су вагондарынан немесе су тасымалдайтын автокөліктен жүзеге асырылады.

Вагонға су құйылған сайын су вагондары мен су тасымалдайтын автокөліктер тұйықтан шығу кезінде дезинфекциялауға жатады.

127. Тұйықтың аумағында немесе ол бекітілген станцияда осы Санитариялық қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес жабдықтардың, жуу және дезинфекциялау құралдарының ең аз қорын сақтау үшін үй-жай көзделеді.

128. Жолаушыларды тамақтандыру бір орталықтан және тікелей вагонда ұйымдастырылады. Тамақ таратуды вагон кезекшісі жүзеге асырады.

129. Карантиндік немесе аса қауіпті инфекциялық аурулармен ауыратын науқас анықталған кезде вагонды ағымдық дезинфекциялау және ыдыстарды залалсыздандыру осы Санитариялық қағидаларға 5-қосымшадағы карантиндік, аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауыратын науқас анықталған кезде жолаушылар поезының вагонын дезинфекциялауға қойылатын талаптарға сәйкес жүргізіледі.

130. Вагондарды жинау жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүзеге асырылады.

Вагондарда қоқыстарды жинау алмалы-салмалы қоқыс жинағыштарда жүргізіледі.

131. Тұйықта бірнеше вагон орналастырылған жағдайда, әрбір вагонға жеке медициналық персонал бекітіледі.

15-параграф. Борттық тамақтану объектілерін күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

132. Борттық тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде борттық тамақтану объектілерін күтіп-ұстау мен пайдалану Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына және осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес және:

- 1) шикізаттың, шикі жартылай фабрикалардың және дайын өнімдердің;
- 2) жинақталған борт тамағының;
- 3) әуе кемесінен қайтарылған тағамдардың;
- 4) таза және пайдаланылған борт ыдыс-аяқтарының қарсы легінің немесе азық-түлік (тамақ) легінің қиылысуын болдырмайтын технологиялық процестің кезектілігі мен ағымдылығын қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.

133. Жаңа салынатын және қайта жаңғыртудан өтетін борттық тамақтану объектілері әуежай аймағында, сондай-ақ борттық цехынан әуе кемелеріне дейін жеткізілетін уақытты ескере отырып, 30-40 минут уақыттан аспау үшін әуе кемелерінің тұрағына неғұрлым жақын орналасады.

134. Өткізу қабілеттілігіне қарай әр борттық тамақтандыру объектісі рационының құрамы, бір сағаттың және тәуліктік өнімділігі оның технологиялық және тоңазытқыш құралдарымен жабдықталуының есебі жүргізіледі. Борттық тамақтандыру объектілерінде сағатына 400 порциядан артық дайын ыстық тамақ өнімдері өндірілетін болса, борттық тамақтану объектілері бластчиллер мен дефростерлермен жабдықталады.

135. Борттық тамақтанудың объектісінің құрамында:

1) дайындау (шикізатпен жұмыс кезінде), өнімдердің дайын болу алдындағы цехтары (өнімдерді және жартылай дайын тамақ өнімдерді салқындай және жылумен өңдеу, рационға кіретін дайын тағамдарды дайындау үшін); нан және кремсіз кондитерлік өнімдерін дайындайтын учаске;

2) цех ішіндегі қаптама (ыдыс-аяқты), ас ыдыстарын жууға арналған бөлмелер, тәуліктік шикізат қорын сақтайтын аймақ;

3) борттық тамақтану рациондарын өлшеп-бөлуге, жинақтауға, қысқа уақытқа сақтауға және беруге арналған бөлме;

4) борттық ыдыстарды қабылдауға, сұрыптауға, жууға, кептіруге, жинақтауға, сақтауға және беруге арналған бөлме;

5) рейстерге жинақтауға арналған аймақ: қайнатылған суды дайындау, электр қайнатқыштар және мұз генераторы бөлмесі;

6) қоймалар (салқындатылатын және (немесе) салқындатылмайтын): тамақ өнімдерін, борттағы артық ыдыстарды, айналыс ыдысын (контейнерлер, термоконтейнерлер, сөмке-тоңазытқыштар), алмалы-салмалы буфет-ас үй жабдығын (поднос, арба), қаптама бұйымдарын, салфеткаларды сақтау үшін;

7) жуу және дезинфекциялау құралдарын, киім-кешектерді сақтауға арналған бөлме, тамақ қалдықтарына арналған камера;

8) киім ілетін орынды, себезгіні, санитариялық тораптарды, әйелдердің жеке гигиеналық бөлмесін, тамақ ішуге және демалуға арналған үй-жайларды қамтитын санитариялық-тұрмыстық бөлмелер;

9) жинақтауға арналған және экспедиция бөлмелері: борттық тағамды порциялау, сервировкалау, жинақтау, қысқа уақытқа сақтауға және беруге арналған бөлмелер көзделеді.

136. Борттық тамақтану объектісінде өндірістік үй-жайларда жанаспайтын араластырғышпен (оның ішінде шынтак, сенсорлық), қолдануға рұқсат етілген, жууға арналған құрылғылармен және құралдармен (сұйық сабыны бар дозаторлар), дезинфекциялауға, қолды сүртуге және (немесе) кептіруге арналған, қолдың қайта ластануын болдырмайтын қол жууға арналған раковиналар орнатылады, олардың үнемі болуы қамтамасыз етіледі.

137. Өндірістік үй-жайларда санитариялық ақауды (еденге түскен өнім), тамақ қалдықтарын, пайдаланылған бір рет қолданылатын қолғаптар мен сүлгілерді жинау үшін бөлінген ішінде бір рет қолданылатын полимерлік қаптамасы бар жабылатын таңбаланған ыдыстар (жинағыштар) орнатылады.

138. Дайын өнімдерді және шикізаттарды сақтауға арналған тоңазытқыш қондырғылары бөлек көзделеді, жуылады және таза ұсталады, термометрлермен немесе тамақ өнімдерін сақтаудың температуралық режимін автоматты бақылау және тіркеу құралдарымен жарақталады.

Тоңазытқыш қондырғылардағы термометрлердің көрсеткіштері күн сайын осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тоңазытқыш қондырғылардағы температураны тіркеу журналда тіркеледі.

139. Борттық тағамдардың қалдықтарын жинау және тасымалдау үшін ішіне бір рет қолданылатын қапшықтар салынған таңбаланған ыдыстар бөлінеді.

140. Үстелдердің жабыны беті тегіс және саңылаулары мен жарығы жоқ болып көзделеді. Өлшеп-орау орындарында беті салқындатылатын үстелдермен жабдықталады.

141. Ыдыстарды, айналыстағы ыдысты, мүкәммалды, алмалы-салмалы буфеттік-ас үй жабдығын, турау тақтайшаларын, пышақтарды, өндірістік үстелдерді жуу қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау және жуу құралдарын қолдана отырып, жүргізіледі.

142. Борттық тамақтану кезінде қолдануға арналған жабдық (технологиялық, өндірістік, алмалы-салмалы, буфеттік-асүйлік), ыдыс-аяқ, асхана аспаптары, қаптама (оның ішінде бір рет пайдаланылатын) және қаптама материалдары тамақ өнімдерімен жанасу үшін оларды қолдану жөніндегі таңбаға сәйкес тамақ өнімдерімен жанасатын материалдарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін материалдардан пайдаланылады.

143. Тікелей және кері рейстерге әуе кемелеріндегі борттық тамақтану объектісіндегі борттық тамақ өнімдерінің ассортименттік тізбесі технологиялық, тоңазытқыш жабдығымен, механикаландыру құралдарымен жарақтандыруды, борттық тамақтану объектілерінің қуатын, тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдерін және тамақ өнімдерін дайындаушы белгілеген оны сақтау шарттарын ескере отырып, сондай-ақ әуе кемесінде борттық тағам өнімдерін (тоңазытқыш жабдығы) сақтау шарттарының болуын және әуе кемесінің буфеттік-асүйжабдығының (қыздыруға арналған арнайы пештер) болуын ескере отырып әзірленеді және бекітіледі.

144. Әуе кемесінің кері рейстеріне борттық тамақты тиеу әуе кемесінің тоңазытқыш жабдығымен немесе тоңазытқыш элементтері және (немесе) тоңазытқыш агенттері бар изотермиялық контейнерлермен (кұрғақ мұзбен) немесе термо салқындатқыштармен жарақтандыруды, ұшу ұзақтығын, борттық тамақтанудың тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдері мен сақтау шарттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

145. Жұқпалы аурулар мен жаппай тағамнан уланудың пайда болуы мен таралуының алдын алу үшін борттық тамақтандыруда тамақ ассортиментіне:

1) туралған және фарштан жасалған (200 °C-тан кем емес температураға жеткізілген уақыттан бастап 15 минут бойы және 15 секундтың ішінде өнімнің ішкі температурасы 75 °C-қа дейін жеткізіліп ыстық пеште термиялық өңдеуден өткен өнімдерден басқа) ет өнімдері, таңбалауға сәйкес өнеркәсіптік дайындалған жеке тұтыну қаптамасындағы тамақ өнімдерінен басқа пісірілген шұжық өнімдері, нан ұнтағындағы аспаздық өнімдер, сондай-ақ паштеттер;

2) салат өнімдері, тұздықтар құйылған бірінші және екінші тағамдар (өсімдік майларын қоспағанда). Тағамдарға арналған тұздықтар жеке тұтыну қаптамасында жеткізіледі;

3) кремі бар (пісірілген, сүзбемен, сары маймен, белокпен) бәліштерді;

4) шырындарды және 1 литрден аспайтын қаптамадағы шырын өнімдерін;

5) емдік мақсатта қолданылатын минералды суларды;

6) өнеркәсіпте дайындалмаған (үйде дайындалған) тамақ өнімдері;

7) ыстық дайын тағамдарды (оларды салуға) қосуға жол берілмейді.

146. Борттық тамақтандыру объектілерінде рационды жинақтау, сервировкалау, орау, компоненттерін салу тамақ өнімдерін тасымалдауға байланысты операциялар барынша механикаландырылады.

147. Борттық тамақтанатын тамақ өнімдері әуе кемесінің бортына тиелгеннен кейін (4 ± 2) °C температурада тоңазытқыш жабдықтарында немесе таңбалауда көрсетілген тамақ өнімдерін дайындаушы белгілеген жарамдылық мерзімдері мен сақтау шарттарын сақтай отырып, тоңазытқыш элементтері және (немесе) тоңазытқыш агенттері (құрғақ мұзбен) немесе термо салқындатқыштары бар изотермиялық контейнерлерде (бұдан әрі – изотермиялық контейнерлер) сақталады.

148. Әуе кемесінде тоңазытқыш жабдығы болмаған жағдайда, борттық тамақты өнім ішіндегі температурасы $+10$ °C аспайтын борттық тамақты бортқа тиегеннен кейін изотермиялық контейнерлерде сақтау борттық тағамның тамақ өнімінің жарамдылық мерзімдерін сақтай отырып қамтамасыз етіледі:

1) салқын тіскебасарлар мен тағамдар, салаттар үшін (толтырмай, бортта толтыру) – 4 сағаттан аспайды;

2) ыстық тағамдар, салқындатылған, термикалық өңделген және тез мұздатылған көкөністерден жасалған гарнирлер үшін (бортта толтырмай, толтырмай) – 3 сағаттан аспайды;

3) егер дайындаушы тамақ өнімінің көрсетілгеннен басқа жарамдылық мерзімдерін белгілемесе және бекітілген техникалық құжаттамаға енгізілмесе, жуылған және кептірілген жемістер, жидектер үшін – 6 сағаттан аспайды.

Изотермиялық контейнерлерде борттық тамақтанудың тамақ өнімдерінің қалған түрлерін, дайындаушы белгілеген жарамдылық мерзімдері бар борттық тамақ өнімдерін және өнеркәсіптік дайындалған жеке, тұтынушылық қаптамадағы тамақ өнімдерін сақтау таңбалауда көрсетілген осындай тамақ өнімдерін дайындаушы белгілеген жарамдылық мерзімдері мен сақтау шарттарын сақтай отырып қамтамасыз етіледі.

149. Тамақ өнімдері, оның ішінде жылумен өңдеуден өткен және одан әрі сақтауға арналған тамақ өнімдері үлестеуді бастамас бұрын +1 °С кем емес және +5 °С аспайтын температураға дейін алдын ала тез салқындатылады. Салқындату уақыты 4 сағаттан аспайды.

150. Тамақтарды порциялау температурасы +15 °С аспайтын үй-жайларда беті салқындатылатын жұмыс үстелдерінде жүргізіледі.

151. Қолмен дастархан әзірлеу және тамақтарды порциялау дастархан әзірлеу құрал-жабдықтарын пайдалана отырып, бір рет қолданылатын қолғаптармен жүргізіледі.

152. Дастархан әзірлеу уақытында порцияланатын тамақ өнімдерінің температурасы +12 °С жоғары емес қамтамасыз етіледі.

Дастархан әзірлеу аяқталғаннан кейін порцияланған қапталған әрбір тамақ тоңазыту камерасына орналастырылады.

153. Порцияланған, қапталған тамақ өнімдерін изотермиялық контейнерлерге салу тамақ өнімінің температурасы +6 °С аспайтын, ең аз уақыт ішінде жүргізіледі.

154. Борттық тамақтану объектілерінде дайын тамақты, сондай-ақ қапталған борттық тамақты таңбалау дайындалу күні мен уақытын көрсете отырып көзделеді.

155. Контейнерлер мен арбаны жинақтау әуе кемесінің ұшуына дейін кемінде үш сағат бұрын уақытта басталып, сапардың жөнелтуге дайындығы уақытынан кемінде бір жарым сағат бұрын аяқталады. Экипаж үшін борттық тағам тиісінше экипаж тағамы белгісі бар бөлек контейнерлер мен боксқа оралады.

156. Бортқа жіберер алдында борттық тамағы бар буфеттік-асу жабдығының барлық есіктері пломбаланады, онда дайын тағамның атауы, дайындаушы, оның мекенжайы, дайындалған күні (жарамдылық мерзімі 72 сағатқа дейін – сағатты, күнін, айын қоса алғанда) және борттық тағамның соңғы жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары, сондай-ақ рейсті жинақтауға жауапты адамның мөртабаны мен қолы көрсетіледі. Зат белгі сапардың соңына дейін сақталады.

Борттық тамақтанудың жарамдылық мерзімдері автолифтке тиеу алдында жиынтықтау аяқталғаннан бастап бортта өткізгенге дейін есептеледі.

157. Әуе кемесіне жіберу алдында, онда тоңазытқыш жабдығы болмаған жағдайда, борттық тамағы бар изотермиялық контейнерлерге мұздатылған және (немесе) тоңазытқыш элементтері (құрғақ мұзбен) немесе термо салқындатқыштар орналастырылады.

158. Тез мұздатылған дайын тағамдар өнімді дайындаушы белгілеген жарамдылық мерзімдерін және таңбалауда көрсетілген сақтау шарттарын сақтай отырып сақталады.

Дайын тамақтар температурасы тамақ қалыңдығында $-18\text{ }^{\circ}\text{C}$ аспайтын борттық тамақтану объектісінен шығарылады. Мұздатылған азық-түлік өнімдерін пайдалану алдында дефостерде немесе тоңазытқышта $(4\pm 2)\text{ }^{\circ}\text{C}$ температурада ерітіледі. Тамақ өнімдерін бөлме температурасында ерітуге және қайта мұздатуға жол берілмейді.

159. Жинақталған борттық тағам, сусындар, құралдар әуе кемесін борттық тамақтану объектісінен лауазымды тұлға (экспедитор) стеллажы мен бекітуге арналған белдіктермен жабдықталған, салқындатылатын немесе изотермиялық кузовта арнайы автокөлікпен – автолифтпен жеткізіледі. Автолифт кузовы ауысымның аяғында күнделікті қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялық құралдары қосылып жуылады. Тағам өнімдерін кішкентай әуе кемелеріне көтерілетін тетігі жоқ автокөліктермен жеткізуге жол беріледі.

Борттық тамақтанудың тамақ өнімдерінің әрбір партиясы әуе кемесінің бортына тасымалдау және оны бортта өткізу кезінде сақтау, тасымалдау шарттары және жарамдылық мерзімі туралы ақпаратпен борттық тамақтану өнімдерінің қадағалануын қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттамамен сүйемелденеді.

160. Әуе кемесінің бортына борттық тамақты қабылдауды міндетті медициналық тексеруден, гигиеналық оқытудан өткені және жұмысқа жіберілгені туралы белгілері бар жеке медициналық кітапшасы бар бортсерік жүргізеді. Бортсерік алмалы буфеттік-асүй жабдығы пломбаларының (борттық тағамды ораудың көп айналымды құралдарының) болуын және жарамдылығын, таңбалау жапсырмаларының дұрыс толтырылуын, тамақ өнімінің жарамдылық мерзімін тексереді, өнімнің температурасы байланыссыз термометрмен өлшенеді. Борттық тағамды әуе кемесін жеткізген кезде тағамның ішкі температурасы $+10\text{ }^{\circ}\text{C}$ аспайды.

Бұл ретте, бортсерік айналыстағы ыдыстың пломбасын ашқаннан және борттық тағамның температурасын өлшегеннен кейін тауарға ілеспе құжаттама оны бортқа алған уақыты мен тағам температурасын белгілейді. Тағам өнімдерінің температурасын өлшеу үшін әуе кемелері арнайы термометрлермен жабдықталады.

Пломбалануы бұзылған немесе тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі өткен, тамақ өнімдерінің температурасына сәйкес келмейтін борттық тамағы бар контейнерлер әуе кемесінің бортына жіберілмейді.

161. Тағамды таратуға дайындық, салаттарды араластыру, порциялау, консервілер мен сусыны бар бөтелкелердің ашылуы және тағамның соңғы дайындалуы буфетте жүргізіледі. Өзірленген дайын тағам мен тіскебасарлар бар дайындалған подностар жолаушыларға дереу таратылады.

162. Пайдаланылған ыдыстар подностарда, орамдарда қалдырылады және контейнерлерге орналастырылады және борттық тамақтану объектісіне тапсырылады. Буфет бөлігіне арналған жинау мүкәммалы белгіленген үлгідегі арнайы төсемге буып-түйіледі.

163. Борттық тамағы, ыдысы бар контейнерлер, сусындары бар сепараторлар, термостар және суы бар су қайнатқыштар әуе кемесінің буфеттік-асүй бөлігінде орналастырылады.

164. Бортсеріктер жолаушыларға қызмет көрсетуге кірісе отырып, борттық тамақты тарату алдында жеке гигиена қағидаларын сақтауды қамтамасыз етеді және борттық тамақты таратуға арналған ұйымда көзделген санитариялық киім (авиатасымалдаушының санитариялық киім нысаны, оның ішінде алжапқыш пен қолғап) киеді.

165. Әуе кемелерінде касалеткалардағы борттық тамақтандыру қыздыруға арналған арнайы пеште қыздырылады.

Ыстық тамақтануға арналған тез мұздатылған тамақ өнімдері бар касалеткалар 4 ± 2 °C температурада тоңазытқышта немесе белгіленген сақтау шарттарын сақтай отырып, құрғақ мұзы немесе термо салқындатқышы бар изотермиялық контейнерде сақталады.

166. Егер тамақ пен сусындардың көрсетілгеннен өзгеше температурасы ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерде, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда және (немесе) борттық тамақтандыру объектісінің техникалық құжаттамасында айтылмаса әуе кемесінің бортында тарату кезінде ыстық тағамдардың температурасы +65 °C-тан төмен емес, суық тағамдардың температурасы +14 °C-тан жоғары болмайды.

167. Әуе кемесінің рейске ұшуы кешіктірілген жағдайда, борттағы тамақ өнімдері алынып тасталады және мөрленген түрде борттық тамақтану объектісіне беріледі, бірақ жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.

168. Сапасыз борттық тамақты қайтарған кезде (бүліну, ыдырау, ластану, бөгде заттар мен бөлшектердің болуы) бортқа сапасыз борттық тамақты жеткізген әуежайдың борттық тамақтану объектісін кейіннен хабардар ете отырып, борт журналына жазу жүргізіледі.

169. Борттық тамақтану объектілерінде шығарылатын өнімнің сапасына өндірістік зертханалық бақылау және қабылдау кезінде жемістер мен көкөністердің құрамындағы нитрат қалдығы мөлшеріне нитратомермен экспресс-бақылау жүргізу көзделеді. Объектіде зертхана болмаған жағдайда, өндірістік бақылау бойынша зерттеу аккредиттелген зертханада жүргізіледі.

16-параграф. Әуе көлігінің су жүйесін күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

170. Әуе кемелерінің ауыз сумен қамтамасыз етілуі ауыз сумен жабдықтайтын пунктте (бұдан әрі – пункт) су құятын автокөлік арқылы жүргізіледі.

Пункт суды дайындайтын және суды құятын бөлек кіру есігі бар оқшауланған немесе біріктірілген екі бөлмелерден тұрады. Пункт орталықтандырылған су құбырына, суды бұруға, жылумен жабдықтауға қосылады және желдеткіштің болуы көзделеді. Пункт үй-жайлары қабырғаларының, төбелерінің және едендерінің беттері күн сайын ылғалды жинау жүргізуге мүмкіндік беретін, жуу және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді, беті тегіс су өткізбейтін материалдарды пайдалана отырып көзделеді.

Су құятын автокөлікке арналған бөлме арнайы штуцері бар су құятын шлангке арналған аспалы шкафпен жабдықталады. Штуцер ластанбау үшін қаптамаға салынып, бекітілген аспалы шкафтың ішінде сақталады.

171. Суды дайындайтын бөлмеде суды тазарту алдындағы қондырғы, өлшейтін құралдар (водомер, термометр, манометр) және су сынамасын лабораториялық зерттеуге алу үшін кран қарастырылады. Пункттің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы мен әуе кемелеріне су құюдың технологиялық процесіне өндірістік бақылау жүргізіледі. Жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу мақсатында әуе кемелерінің сумен қамтамасыз ету жүйесіне, су құятын көлік ыдыстарына, пунктке, резервуарға жоспарлы профилактикалық және эпидемиологиялық көрсеткіш бойынша дезинфекция ұйымдастырылып жүргізіледі.

17-параграф. Автомобильге жанармай құю мен автогаз құю станцияларын күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

172. Автомобильге жанармай құю станциялары (бұдан әрі – АЖҚС) және автомобильге газ құю станциялары (бұдан әрі – АГҚС) тұрғын үй құрылысына қатысты ық жағында оқшау учаскелерде орналастырылады.

173. АЖҚС және АГҚС құрылысы елді мекеннің бас жоспарын ескере отырып жүргізіледі.

174. АЖҚС елді мекен шекарасында отын сақтайтын жерасты резервуарларымен ғана орналастырылады.

175. АЖҚС және АГҚС санитариялық-қорғаныш аймағы Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында (бұдан әрі – "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары) белгіленген талаптарға сәйкес АЖҚС және АГҚС құрылысы немесе реконструкциялау жобасымен бір уақытта әзірленетін абаттандыру және көгалдандыру жобасына сәйкес абаттандырылады және көгалдандырылады.

176. АЖҚС және АГҚС аумағында көлік кіретін жолды, жанар май құятын аймақты, сервистік қызмет көрсету, отынды, басқа да заттарды сақтау резервуарлары аймақтарына және тазалау құрылыстарына бөлінеді.

177. АЖҚС және АГҚС аумағында резервуар-жинағыш орналасқан жерге жер үсті жауын-шашын (жаңбыр) сарқынды суларын бұру еңісі бар қатты жабын көзделеді.

178. АЖҚС, АГҚС автомагистраль бойына орналастырылған кезде көлік жүретін бөліктің шетінен тарату колонкасына немесе жерасты жерасты резервуарларының шекараларына дейінгі қашықтық бірінші санатты жолдарда кемінде 25 м және қалған жолдарда 15 м болу көзделеді. Отын тарату колонкасынан немесе резервуардан жаяу жүргінші жолына дейінгі қашықтық кемінде 10 м болуын қаматамасыз етіледі.

179. АЖҚС, АГҚС кешенге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі ең аз қашықтық "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес келеді.

180. АЖҚС аумағында орналасқан мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлардың көлемі (сақталатын автоцистерна сыйымдылығын ескере отырып) елді мекендердің селитебті аумағында 100 текше метрден аспайды.

181. АЖҚС, АГҚС аумағын және іргелес аумақты жинауды күн сайын, оның жабындысын, сондай-ақ ғимараттары мен құрылыстарын жөндеуді уақтылы жүргізіледі.

182. ТҚҚ жинау үшін № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығына сәйкес жабдықталған арнайы алаң бөлінеді.

183. АЖҚС, АГҚС аумағында персонал үшін қызметтік және тұрмыстық ғимараттар (үй-жайлар) көзделеді. Келушілерге арналған санитариялық тораптар, қоғамдық тамақтану және сауда объектілері (жинақы орналасуы) бір құрылыста орналасқан АЖҚС және АГҚС, отынды сақтауға арналған ыдыстардан алыста орналасады.

184. Сумен жабдықтау орталықтандырылған су құбыры желілерінен көзделеді, сырттан әкелінетін сумен жабдықтауға жол беріледі. Ауыз судың сапасы "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес келеді.

185. АЖҚС және АГҚС қызмет көрсететін персоналы үшін шаруашылық-ауыз су қажеттілігіне арналған су шығыны ең көп санды ауысымда жұмыс істейтіндердің саны есебінен, 1 адамға арналған шығын нормасы кезінде тәулігіне 25 литрден (бұдан әрі – л/тәул) қабылданады.

186. АЖҚС және АГҚС аумағында өндірістік жауын-шашын және тұрмыстық су бұру жүйесі жабдықталады. Су бұру желілеріне қосылу мүмкін болмаған жағдайда, Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес санитариялық тораптар көзделеді.

187. Өндірістік жауын-шашын су бұруы тазарту құрылыстарымен (мұнай аулағыштар мен жабық түрдегі тұндырғыштар) жабдықталады, су қоймаларына және топыраққа ағызуға жол берілмейді. Сарқынды суларды шығаруды үнемі арнайы бөлінген орындарға жинақталуына қарай жүзеге асырылады.

188. АЖҚС және АГҚС ғимараттарын жылумен жабдықтау орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінен көзделеді немесе жылдың суық мезгілінде үй-жайдағы температураны +18 °С-тан төмен емес, қойма үй-жайларында +10 °С-дан төмен емес қамтамасыз ете отырып, дербес жүйелер пайдаланылады.

189. АЖҚС және АГҚС ғимаратының желдеткіші табиғи, не ауабаптауды пайдалану арқылы көзделеді.

190. Жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың шоғырлануы рұқсат етілетін шекті концентрациядан аспайды.

191. Жабдықты ақаулы күйде және герметикалығы бұзылған жағдайда пайдалануға жол берілмейді.

192. АЖҚС-ны пайдалану кезінде топырақтың, ашық су қоймалары суының, атмосфералық ауаның ластануының алдын алу бойынша шаралар қабылданады.

193. АЖҚС отын сақтауға арналған резервуарлар (жер үсті, жер асты) мұнай өнімдері төгілген, жайылған немесе авария болған жағдайда табандықтармен көзделеді. АЖҚС аумағында дренаждық науаларға қарай еңісі бар отынды ағызуға арналған жеке алаң бөлінуге жол беріледі.

194. Жұмыс орындарындағы технологиялық жабдық шудың және дірілдің рұқсат етілген деңгейден аспайтын деңгейін қамтамасыз етеді.

195. Қарамағында АЖҚС және АГҚС бар жеке және заңды тұлғалар жұмыс аймағының ауасындағы және СҚА шекарасында атмосфералық ауадағы зиянды заттардың құрамына өндірістік бақылауды қамтамасыз етеді.

196. АЖҚС қызметкерлері арнайы киіммен жеке қорғаныш құралдарын (резеңке қолғаптар, респираторлар) пайдалана отырып жұмыс істейді және жылдың әр мезгілі үшін кемінде екі жиынтығы көзделеді.

197. Жұмыс істейтін адамдардың арнайы киімі үй киімінен бөлек жеке шкафтарда сақталады, жуу және жаңарту уақтылы жүзеге асырылады.

18-параграф. Автомобиль көлік құралдарын жууға, техникалық қызмет көрсету және жөндеу станцияларын (шеберханаларын) күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

198. Автомобиль көлік құралдарын жуу, техникалық қызмет көрсету және жөндеу станцияларының (шеберханаларының) аумағында (бұдан әрі – ТҚС) автокөлік құралдарына арналған тұрақ және қоятын орындар жабдықталады.

199. Көлік жолдары мен жаяу жүргіншілер жолдарының қатты және мұнай өнімдерінің әсеріне төзімді жабынымен орындалады.

200. Газ баллонды қондырғы орнатылған автокөлік құралдарына қызмет көрсету объектісінің аумағында сұйытылған мұнай газын ағызу немесе газ баллондарын кейіннен инертті газбен газсыздандыру (үрлеу) арқылы сығылған табиғи газды шығару постына арналған жанбайтын материалдардан жасалған қалқаның астында алаң көзделеді. Алаң объектінің өндірістік және қосалқы ғимараттарына қатысты ық жағында орналастырылады.

201. Жуу, ТҚС аумағында тазарту құрылыстары бар жауын-шашын (жаңбыр) суын бұру ұйымдастырылады. Аумақты жоспарлау және су қабылдау құрылғыларының орналасуы объектінің аумағынан тыс атмосфералық су мен мұнай өнімдерінің түсуін болдырмайды. Автокөлік құралдарын сақтауға арналған ашық алаңдардың жабыны қатты, ойықсыз, су ағатын еңісі бар болуы көзделеді.

202. Жуу, ТҚС аумағында автокөлік құралдарына арналған үй-жайлар немесе арнайы алаңдар жабдықталады.

Аумақта жарамсыз қосалқы бөлшектерді, материалдарды, шиналарды сақтауға жол берілмейді.

Аумақты тазалау күнделікті жүргізіледі. Қоқыс пен өндірістік қалдықтар № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығының талаптарына сәйкес орнатылған контейнерлерге жиналады.

203. Барлық өндірістік және қосалқы цехтар, сондай-ақ санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар су құбырымен және су бұрумен жабдықталады.

204. Өндірістік үй-жайларда араластырғыштары бар суық және ыстық су келтірілген қолжуғыштар орнатылады.

205. Автокөлік құралдарын жуу үшін айналмалы сумен жабдықтау жүйесі жобаланады.

206. Судың сапасына қойылатын бірдей талаптары бар және сипаттамасы бойынша ластануға жақын технологиялық процестер үшін шанақтарды, агрегаттарды, тораптарды және бөлшектерді жууға, автокөлік құралдарын бояуға арналған жекелеген тұйық циклдар түрінде айналмалы сумен жабдықтау жүйесі көзделеді.

207. Өндірістік сумен жабдықтау үшін ауыз су сапасындағы суды пайдалануға техникалық су құбыры болмаған кезде және айналмалы сумен жабдықтау жүйесі құрылғысының орынсыздығы техникалық-экономикалық негізделген жағдайда жол беріледі.

208. Автокөлік құралдарын қолмен жуу кезінде судың температурасы +12°C-тан төмен болмауы және +60°C-тан жоғары болмауы қамтамасыз етіледі.

209. Құрамында мұнай өнімдері бар өндірістік сарқынды сулар, қалқымалы заттар, қышқылдар мен сілтілер жергілікті қондырғыларда сыртқы су бұру желісіне түскенге дейін тазартылады.

210. Объектінің су бұру желілерін және тазарту құрылыстарын қоқыстанудан қорғау үшін автокөлік құралдарын жуудан және бояуға дайындау бекеттерінен сарқынды су түскен кезде үй-жай шегінде науалар, құдықтар немесе қорғаныш торлары бар шұңқырлар көзделеді.

211. Су бұру жүйелерімен жабдықталған елді мекендерде объектілерді орналастыру кезінде жергілікті су бұру көзделеді.

212. Ашық су қоймаларына өндірістік және тұрмыстық сарқынды суларды тазартусыз ағызуға жол берілмейді. Мұнай өнімдері ыдысқа жиналады, кейіннен кәдеге жаратылып, кәдеге жаратылмайтын қалдықтар уытты өнеркәсіптік қалдықтарды залалсыздандыру және көму үшін полигонға шығарылады.

213. Өндірістік, қосалқы және тұрмыстық үй-жайлар жалпы алмасу сыртқа сорып тарату және шығару желдеткішімен жабдықталады. Бөлшектеу-жуу

учаскесінде шығатын қақпалардың жанында ауа-жылу шымылдығы жабдықталады. Қақпаны ашу кезінде слесарьлар мен жуушылардың тұрақты жұмыс орындарындағы ауа температурасы +12 0С-тан төмен болмауы қамтамасыз етіледі.

214. Зиянды заттарды бөлудің барлық көздері болғанда жергілікті сору желдеткішімен жабдықталады.

215. Үй-жайда екі бекеттен артық орналастырылмаған кезде табиғи іске қосылатын жергілікті сорғыштарды жобалауға жол беріледі.

216. Бояу және аккумуляторлық бөлімшелердің сору желдеткіш жүйесін өзара және басқа үй-жайлардың желдету жүйесімен біріктіруге жол берілмейді.

217. Карбюраторларды жуу, бөлшектеу және жөндеу, радиаторларды тазалау сору шкафында жүргізіледі.

218. Радиаторларды жөндеуге арналған жабдықтардан біркелкі сору панельдері түріндегі сорғыштар көзделеді.

219. Үй-жайға сорып тартылатын ауаны беру жоғарғы аймаққа шашыраңқы жүзеге асырылады.

220. Автокөлік құралдарын сақтауға арналған үй-жайларда сорып тартылатын ауа жоғарыдан төмен қарай шоғырланған ағыспен, автокөлік құралдарына қызмет көрсету бекеттерінің үй-жайларында жұмыс аймағына шашыраңқы беріледі.

221. Автокөлік құралдары тұрағының үй-жайларынан ауаны шығару үй-жайлардың жоғарғы және төменгі аймақтарынан, ал қызмет көрсету бекеттерінің үй-жайларынан үй-жайлардың тек жоғарғы аймақтарынан ғана жүзеге асырылады. Автокөлік құралдарын сақтауға арналған үй-жайға сорып тартылатын ауа негізгі өту жолдарына беріледі.

222. Қозғалтқыштарды сынауға арналған үй-жайларда, қозғалтқыштардың жұмысын реттеуге арналған қызмет көрсету бекеттерінде пайдаланылған газдарға арналған жергілікті сорғыштар орнатылады.

223. Сорып тартылатын ауаны алу ластанған ауа шығарындысынан алыс жерлерде жүргізілуі тиіс. Ауаны алу және оны шығару орны арасындағы қашықтық 20 және одан да көп м болғанда алу және шығару орындары бір деңгейде, 20 м-ден кем қашықтықта шығару тесігінен кем дегенде 6 м-ден төмен қашықтықта орналасады.

224. Автокөлік құралдарын бояу ауаны атмосфераға шығару алдында ауаны тазалайтын желдеткіштің сыртқа сорып тарату және шығару жүйесімен қамтамасыз етілген жабық типтегі камераларда жүргізіледі.

225. Барлық өндірістік учаскелер және (немесе) цехтарда табиғи және жасанды жарықтандыру болуы тиіс. Байқау шұңқырлары жергілікті жарықтандыру жүйесімен қамтамасыз етіледі.

226. Өндірістік үй-жайлардың жалпы және аралас жарықтандыру жүйелерінде газ разрядты шамдары қолданылуы тиіс. Люминесцентті шамдары бар жалпы жарықтандыру шамшырақтарын ілу биіктігі 6 м аспайды. Жергілікті жарықтандыру үшін бұлыңғыр шағылдырғыштары бар шамдар қолданылады.

227. Сынап толтырылған істен шыққан газ разрядты шамдарды жинау және сақтау үшін жеке үй-жай бөлінеді. Пайдаланылған шамдар қайта өңдеу (демеркуризация) пункттеріне тапсырылады.

228. Өндірістік үй-жайларды жалпы жасанды жарықтандыру разрядты жарық көздерімен қамтамасыз етіледі. Еңбек сипатының шарттары бойынша разрядты жарық көздерін пайдалану мүмкін болмаған немесе орынсыз болған жағдайларда қыздыру шамдарын қолданады.

229. Жарық ойықтарына үй-жайдың ішінде де, сыртында да жабдық үйілмейді. Жарықтандыру аспаптары, терезелер мен ойықтардың әйнектелген беттері таза, жарамды күйде ұсталады. Терезелерге құрамдас шыныларды орнатуға және оларды мөлдір емес материалдармен ауыстыруға жол берілмейді.

230. Технологиялық операциялардың әрбір түрі (вулканизация процесі, диагностика пункті, бояу жұмыстары, қозғалтқыштарды, агрегаттар мен тораптарды жөндеу, дәнекерлеу жұмыстары, аккумуляторларды жөндеу және зарядтау, сондай-ақ жұмыс аймағының ауасына 1-2 қауіптілік сыныбының зиянды заттарын бөлумен сипатталатын жұмыстар) жеке үй-жайларда жүргізіледі. Аккумуляторлық орында электролиттерді жөндеу, зарядтау және дайындауға арналған жеке оқшауланған үй-жайлар көзделеді.

231. Бір жұмыс орнының ауданы кемінде 4,5 м², өндірістік үй-жайлардың биіктігі кемінде 2,8 м болуы көзделеді.

232. Қабырғаларды, төбелерді және беттерді әрлеу үшін қолдануға рұқсат етілген материалдар қолданылады.

Байқау шұңқырлары кемінде 1,8 м биіктікте тақтайшамен қапталады.

233. Өндірістік үй-жайлардағы едендер тайып кетпейтін, шұңқырсыз, су өткізбейтін, механикалық әсерге төзімді, трап жағына қарай еңісі бар тегіс беткеймен көзделеді.

234. Діріл шығаратын жабдықтың дірілді басатын құрылғысы болады.

235. Ақаулы жабдықты, оның ішінде оның конструкциясында көзделген қауіпсіздік құралдары болмаған және (немесе) жарамсыз болған кезде пайдалануға жол берілмейді.

236. Жылдың жылы мезгілінде жөндеу жұмыстарын ашық алаңда, шатыр астында жүргізуге жол беріледі.

237. Аккумуляторлық батареяларды жөндеуге және зарядтауға, қышқыл мен сілтілерді сақтауға арналған үй-жайлар батареялардың түріне байланысты ас содасы немесе бор қышқылы ерітіндісі бар қолжуғыштармен немесе ыдыстармен жабдықталады.

238. Дәнекерлеу бекеттерінде дәнекерлеу доғасының сәулеленуінен қорғау үшін биіктігі кемінде 1,2 м перделер орнатылады.

239. Агрессивті сұйықтықтарды сақтау, тасымалдау және құю үшін арнайы арбалар мен ыдыстар қолданылады. Мыс құю бөлімшесінің аккумуляторларын толтыру үй-жайларында қышқылдар мен сілтілерді теріге тиген кезде жууға арналған су құбыры краны жабдықталады.

240. Еңбек ауырлығын төмендету үшін еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыру көзделеді. Автомобильдерді бөлшектейтін және құрастыратын жұмыс орындары көтеру-тасымалдау механизмдерімен жабдықталады.

241. Байқау шұңқырларынан, эстакадалардан тыс жерде жұмыс істегенде жұмысшылар арнайы құралдармен (жатақтармен) қамтамасыз етіледі.

242. Объектілер өндірістік процестер топтарына байланысты қосалқы және санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен жабдықталады.

243. Демалуға арналған үй-жайлар бір қызметкерге 0,02 м² есебінен, бірақ кемінде 18 м² көзделеді. Адам саны 30 адамнан кем болғанда бір қызметкерге 1,3 м² есебінен демалыс бөлмесін тамақтану үй-жайымен (пунктімен) біріктіруге жол беріледі.

244. Жұмысшылар жуу құралдарымен, қол жууға арналған щеткалармен, сүлгілермен, қол сүртуге арналған шүберекпен, сондай-ақ қорғаныш майларымен және пасталарымен қамтамасыз етіледі.

245. Теріге зиянды әсер ететін зиянды заттар болған кезде қызметкерлер залалсыздандыратын заттармен қамтамасыз етіледі.

246. Барлық өндірістік үй-жайлар жылына кемінде 1 рет ағымдағы жөндеуден өтеді.

247. Өндірістік үй-жайларда күн сайын ылғалды жинау жүргізіледі.

248. Жұмысшылар жұмыс істеушіге зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсер ету сипатына сәйкес дәрі қобдишаларымен, жеке қорғаныш құралдарымен (оның ішінде қолғаптармен, респираторлармен, қорғаныс көзілдіріктерімен) және арнайы киіммен қамтамасыз етіледі. Арнайы киім үнемі тазаланып, жуылады. Арнайы киімді үйде жууға жол берілмейді.

3-тарау. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1-параграф. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде әуежайлар, теміржол, автомобиль, теңіз және өзен вокзалдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

249. Әуежайлар мен вокзалдар ғимараттарында мынадай санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі:

1) ауа температурасы мен ылғалдылығының оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін желдету және ауа ортасын баптау жүйелерін тазалау, жуу, дезинфекциялау, сүзгілерін ауыстыру және олар бойынша басқа да жұмыстар жүргізіледі;

2) барлық үй-жайларды күніне кемінде 3 рет 15 минут жиілікпен желдетуді қамтамасыз ету;

3) нұсқаулық жүргізуге, жеке қорғаныш құралдарын (маскалар, қолғаптар) уақтылы ауыстыруға, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорымен жабдықтау және қадағалау, нұсқаулықты жүргізу мерзімділігі бойынша журнал жүргізу, қорғаныш құралдарын ауыстыру және дезинфекциялық құралдардың қорларын толықтыруға жауапты адамды бекіту;

4) қызметкерлер арасында инфекциялық және паразиттік сырқаттанушылық кезінде жеке қорғаныш құралдарын (маскалар, қолғаптар) пайдалану алгоритмі бойынша, жеке (қоғамдық) гигиена қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы нұсқау жүргізу, сондай-ақ олардың мүлтіксіз сақталуын қадағалау;

5) шектеу іс-шараларын, оның ішінде инфекциялық және паразиттік ауруларға байланысты карантинді енгізу кезеңінде – қызметкерлерге ұйымның медицина қызметкерінің қарап-тексеруі кезінде жай-күйіне сауал жүргізу және термометрия жүргізу, қағаз немесе электрондық жеткізгіште тіркеу арқылы медициналық бақылауды қамтамасыз ету;

6) жұмыста болмау себептерін анықтау арқылы жұмысқа шығуды күн сайын мониторингілеу;

7) жеке қауіпсіздік қызметі немесе білікті персонал ғимаратқа кірген жолаушыларды контактісіз термометриямен тексеру;

8) жолаушылар болатын жерлерде жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ағымдық және күрделі тазалау жұмыстарын жүргізу, еденді, терезелерді, қабырғаларды, есік тұтқаларын, тұтқаларды, отырғыштарды, жолаушылардың қолдары жанасатын өзге де жерлерді дезинфекциялайтын сулықтарымен (немесе дезинфекциялау құралдарының ерітінділерімен) сүрту;

9) мемлекеттік тапсырыс шеңберінде өз қаражаты есебінен немесе эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша санитариялық-эпидемиологиялық

қызметтің лауазымды адамдарының қаулылары бойынша дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау іс-шаралары;

10) әуежайлардың, вокзалдардың ғимараттарында ауру белгілері бар жолаушылар анықталған кезде жолаушылар болатын орындарда қорытынды дезинфекция жүргізу.

250. Жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, мұрынның бітелуі) белгілері бар персонал жұмысқа жіберілмейді.

251. Объектілерде көрінетін және қолжетімді орындарда (күту залдары, ана мен бала бөлмелері) қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылады.

252. Жолаушылар ағымының қиылысуына жол бермеу мақсатында келетін және кететін жолаушылар үшін жеке дәліздер ұйымдастырылады.

253. Мынадай талаптарды қамтамасыз ете отырып, әуежайларда, вокзалдарда изоляторы бар медициналық немесе денсаулық сақтау пунктінің жұмысы ұйымдастырылады:

1) медицина қызметкерлерінің тұрақты болуы;

2) дезинфекциялық режимнің сақталуы;

3) қажетті дәрілік заттармен, медициналық жабдықтармен және медициналық бұйымдармен (оның ішінде термометрлермен, шпательмен, медициналық маскалармен) қамтамасыз ету;

4) персоналдарды жеке қорғаныш құралдарымен (медициналық маскалар мен қолғаптар) және дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз ету;

5) әуежай, вокзалдар қызметкерлерінің денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда жедел медициналық жәрдем келгенге дейін медициналық пункттің изоляторына орналастыру.

254. Әуежайлар мен вокзалдар персоналы мыналарға:

1) әуежайлардың, вокзалдардың үй-жайларында, сондай-ақ қоғамдық орындарда маскаларды міндетті түрде киюге;

2) халыққа қызмет көрсету орындарында (кассаларда, кететін жолаушыларды толық қарап-тексеру аймақтарында, тіркеу және рейске отырғызу) қолғаптарды, медициналық маскаларды уақтылы ауыстыру шартымен (әрбір 2 сағат сайын) жұмыс күні ішінде пайдалануға;

3) персоналдар мен жолаушылар арасында кемінде 1 метр қашықтықты сақтауға;

4) жолаушылармен және персоналдармен қарым-қатынасты шектеуге қойылатын талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді.

255. Вокзалдың, әуежайдың персоналы ауруға күдік болған жағдайда ауысымға жаңадан келіп түсетін немесе ауыстыратын персонал ауырған адамның

жұмыс орнына дезинфекциялық жұмыстар жүргізілгеннен кейін жұмысқа кіріседі.

256. Әуежайлар мен вокзалдар әкімшілігі мыналарды:

1) персоналды жеке қорғаныш құралдарымен (маскалар, қолғаптар);

2) автобустардағы ауа баптау, желдету жүйелеріне ревизия жүргізу және желдету сүзгілерін ауыстыруды;

3) жолаушыларды отыратын орындар санынан, сондай-ақ автобустың жинақтау алаңы орындарының санынан аспайтын мөлшерде көлік құралына жіберуді;

4) объектінің медицина қызметкері персоналын медициналық бақылауды (ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі тексеру кезіндегі жай-күйі мен термометриясы);

5) ауысым (рейс, маршрут) аяқталғаннан кейін қызметтік автокөлік және қоғамдық (перрондық) көлік салондарына дезинфекция жүргізуді;

6) жеке қорғаныш құралдарының (маскалар, қолғаптар), қолға арналған антисептиктердің, дезинфекциялау құралдарының азаймайтын қорының болуын;

7) көлік құралының (перронның) салонын желдетуді, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып салонды ылғалды жинауды, рейстер арасында және (немесе) маршрут аяқталғаннан кейін тұру кезінде еденді, жолаушылардың қолымен жанасатын терезелерді, қабырғаларды, есік тұтқаларын, тұтқаларды, отырғыштарды және өзге де беткейлерді дезинфекциялау сулықтарымен (немесе дезинфекциялау құралдарының ерітінділерімен) сүртуді;

8) персоналдың жеке қорғаныш құралдарын (маскалар), қолға арналған антисептиктерді, дезинфекциялау құралдарын пайдалануын қамтамасыз етеді.

257. Әуежайлар мен вокзалдар ғимараттарының ішінде, көлік құралында жолаушылар медициналық (мата) маска киеді.

2-параграф. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде автосалондардың, автобөлшектер дүкендерінің және техникалық қызмет көрсету станцияларының (вулканизация, автожуу) қызметіне қойылатын талаптар

258. Автосалондардың, автомобильдің қосалқы бөлшектері дүкендерінің және техникалық қызмет көрсету (вулканизация, автожуу) станцияларының жұмысы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, мынадай жағдайлар қамтамасыз етілген кезде мыналарға:

1) жұмыс кестесі (алдын ала жазылу бойынша) эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, Қазақстан Республикасының және тиісті аумақтағы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулысына сәйкес өзгертіледі;

2) автосалондар, техникалық қызмет көрсету станциялары (вулканизация, автожуу) үшін жеке кіретін есігі бар жеке тұрған ғимарат немесе адам тұрмайтын ғимаратта;

3) жұмыс процесімен байланысы жоқ персоналды барынша қашықтықтан жұмыс режиміне ауыстыруға жол беріледі.

259. Жұмыс процесі мынадай талаптар сақтала отырып ұйымдастырылады:

1) орта және ірі кәсіпорындарда оқшалау орны бар медициналық пункттің міндетті түрде болуы, әр ауысымға дейін және одан кейін барлық қызметкерлерді қарап-тексеруді қамтамасыз ету үшін медицина персоналының тұрақты болуы;

2) жеке (қоғамдық) гигиена қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы инфекциялық және паразиттік аурулары кезінде жеке қорғаныш құралдарын (маскалар мен қолғаптар) пайдалану алгоритміне сәйкес автосалондардың, автобөлшектер дүкендерінің және техникалық қызмет көрсету станцияларының (вулканизация, автожуу) қызметкерлері арасында нұсқаулық жүргізу, сондай-ақ олардың мүлтіксіз сақталуын қадағалау;

3) шектеу іс-шараларын, оның ішінде инфекциялық және паразиттік ауруларға байланысты карантинді енгізу кезеңінде қағаз немесе электрондық жеткізгіште тіркей отырып, медицина қызметкері немесе ұйымның жауапты адамының қарап-тексеруі кезінде жәй-күйіне сұрау және термометрия жүргізу арқылы, автосалондар, автобөлшектер дүкендері және техникалық қызмет көрсету (вулканизация, автожуу) станцияларының жұмыскерлеріне медициналық бақылауды қамтамасыз ету. Қызметкерлер саны 5 адамнан аспайтын болса, электрондық және сынап термометрлерін пайдалана отырып, оларды пайдаланғаннан кейін дезинфекциялауды сақтаған жағдайда термометрия жүргізуге жол беріледі;

4) жұмыста болмау себептерін анықтау арқылы күнделікті жұмысқа шығуға мониторинг жүргізу;

5) маскаларды немесе респираторларды жұмыс күні ішінде уақтылы ауыстыру шартымен пайдалану;

6) қызмет көрсету орындарында антисептиктердің, әрбір объектіде дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың азаймайтын қорының болуы;

7) объектіде байланыссыз жұмысты енгізу үшін технологиялық процестерді автоматтандыруды барынша пайдалану;

8) клиенттермен және азаматтармен қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды пайдалану;

9) жұмыскер мен клиент арасында қашықтықты сақтау;

10) тек алдын ала жазылу бойынша жұмыс ісету және автосалонда 2 адамнан аспайтын клиенттің, техникалық қызмет көрсету станцияларында (вулканизация) 3 адамнан аспайтын клиенттің болуы;

11) тұрақты жұмыс орындары арасында кемінде 1,5 метр арақашықтықтың болуы;

12) жұмыскерлер көп жиналатын учаскелердің жұмысын болдырмау (мүмкіндігінше жұмыс процесінің технологиясын қайта қарау);

13) есіктің тұтқаларын, ажыратқыштарды, бағандарды, тіреулерді, қолмен жанасатын жерлерді (үстелдерді, жұмыскерлердің орындықтарын, ұйымдастыру техникасын), ортақ пайдаланылатын орындарды (киім ілетін орын, тамақ ішу, демалу бөлмелері, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, ауысымына кемінде 2 рет вирулицидті әсері бар құралдармен дезинфекциялай отырып, өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды ылғалды тазалаумен жинау;

14) профилактикалық қарап-тексеру, жөндеу, оның ішінде сүзгілерді ауыстыру, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды жүргізу арқылы желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуі, желдету режимінің сақталуын қамтамасыз ету;

15) күту орындарында қашықтықты қамтамасыз ету.

260. Жіті респираторлық инфекциялар белгілері бар және басқа да инфекциялық ауруларының белгілері бар персонал (жоғары температура, жөтел, тұмау) зерттеп-қарау үшін жіберіледі.

261. Ғимараттардағы персонал мен клиенттер автосалондардың, автобөлшектер дүкендерінің және техникалық қызмет көрсету станцияларының (вулканизация, автожуу) үй-жайларында, сондай-ақ қоғамдық орындарда медициналық маскаларды уақтылы ауыстыру (әрбір 2 сағат сайын) шартымен киюді және қашықтықты сақтауды жүзеге асырады.

3-параграф. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде блок бекеттердің қызметіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

262. Блок бекеттер карантиндік аймақтан кіру және шығу пункттерінде орнатылады.

263. Тартылған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары блок бекет персоналын жеке қорғаныш құралдарымен (медициналық маскалар, қолғаптар) және қолға арналған антисептиктермен қамтамасыз етеді.

264. Жұмысқа тартылған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары блок бекет қызметкерлері үшін ыстық тамақтануды ұйымдастыру және жұмыс кестесін бекітеді.

265. Адамдарды сұрау қашықтықты сақтай отырып жүргізіледі.

266. Блок бекеттегі медицина қызметкері басқа өңірден келген адамдарға сауалнама жүргізуді қамтамасыз етеді.

267. Сауалнаманы тиісті аумақтардың және (немесе) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік дәрігерінің қолданыстағы қаулысына сәйкес жүзеге асырады.

268. Инфекциялық және паразиттік ауруларға, оның ішінде коронавирустық инфекцияға күдікті (респираторлық белгілердің болуы (жөтел, температура (сұралушының сөзінен), ентигу) адамдар, сондай-ақ эпидемиологиялық анамнезде инфекциялық және паразиттік ауруларға (коронавирустық инфекцияға) расталған жағдайымен байланыстың болуы анықталған жағдайда 103 телефоны бойынша жедел жәрдем шақыру жүзеге асырылады.

269. Жедел медициналық жәрдем машинасы келгенге дейін күдікті адамға медициналық масканы беру және қашықтықты сақтау керек.

270. Карантин аймағына кіру жергілікті атқарушы органдар берген арнайы рұқсаттамалар бойынша жүзеге асырылады.

271. Блок бекеттерде медицина қызметкері бір рет қолданылатын медициналық маскалар, қолғаптар мен халаттарды пайдаланады. Маскаларды ауыстыру әрбір 2 сағат сайын жүзеге асырылады.

"Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларға
1-қосымша

Электростатистикалық және электромагниттік өрістердің кернеулігінің шекті рұқсат етілген деңгейі (ШРЕД)

1-кесте

№	Параметрлердің атауы	Рұқсат етілген мәні
1	2	3
1.	Пернетақтадан және бейнетерминалдың (бұдан әрі – ВТ) монитормен электростатистикалық өрістің кернеулігі	20 килоВольт метрге
2.	ВТ монитормен 50 см қашықтықтағы электростатистикалық өрістің кернеулігі: 5 Герц (бұдан әрі – Гц) жиілік диапазонында – 2000 Гц 2 килоГерц (бұдан әрі – кГц) жиілік диапазонында – 400 кГц құрайды	25 Вольт метрге (бұдан әрі – В/м) 2,5 В/м
3.	ВТ монитормен 50 см қашықтықтағы магнит ағынының тығыздығы: 5 Гц жиілік диапазонында – 2 кГц 2 кГц жиілік диапазонында – 400 кГц құрайды	250 нано Тесла (бұдан әрі – нТл) 25 нТл
4.	ВТ-дан беткі электростатистикалық (сертификациялық сынақ кезінде) әлеует	500 Вольт

5.	ВТ тінтуірінен және пернетақтадан өнеркәсіп жиілігінің электр өрісінің кернеулігі	500 Вольт
----	-----------------------------------------------------------------------------------	-----------

Жиілік диапазонында құрайтын 30 кГц–300 мегаГерц (бұдан әрі – МГц) электрлі және магниттік кернеуліктің шекті рұқсат етілген деңгейі (ШРЕД)

2-кесте

№	Әсер ету ұзақтығы, сағат	ЕШРЕД электр өрісінің кернеулігі, В/м			НШРЕД магниттік өрістің кернеулігі, А/м	
		0,03-3 МГц	3-30 МГц	30-300 МГц	0,03-3 МГц	3-50 МГц
1	2	3	4	5	6	7
1.	12 және одан астам	29	17	6	3	0,2
2.	11	30	18	6	3	0,2
3.	10	32	19	6	3	0,2
4.	9	33	20	7	3	0,2
5.	8	35	21	7	4	0,2
6.	7	38	22	7	4	0,2
7.	6	41	23	8	4	0,2
8.	5	45	24	9	5	0,3
9.	4	50	25	10	5	0,3
10.	3	58	26	12	6	0,3
11.	2	71	27	14	7	0,4
12.	1	100	28	20	10	0,6
13.	0,5	141	84	28	14	0,8
14.	0,3	183	108	37	18	1,1
15.	0,2	224	132	45	22	1,3
16.	0,08 және одан кем	354	209	71	35	2,1

Жиілік диапазонда 300 гигаГерц (бұдан әрі – ГГц) дейінгі 300 МГц жоғары энергия ағысы тығыздығының шекті рұқсат етілген деңгейлер (ШРЕД)

3-кесте

№	Әсердің ұзақтығы, сағ	Айналмалы және сканерлік антенналардан электромагниттік энергия ағысы тығыздығының ШРЕД, мкВт/см	Айналмалы және сканерлік антенналарды қоспағанда әсерлердің барлық жағдайлары үшін электромагниттік энергия ағысы тығыздығының ШРЕД, мкВт/смІ
1	2	3	4
1.	12 және одан астам	83	8,3
2.	11	91	9,1
3.	10	100	10,0
4.	9	111	11,1
5.	8	125	12,5
6.	7	143	14,3
7.	6	167	16,7
8.	5	200	20,0

9.	4	250	25,0
10.	3	333	33,3
11.	2	500	50,0
12.	1 және одан кем	1000	100,0

"Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларға
2-қосымша

Авиациялық техникалық база (АТБ) аумағында және өндірістік үй-жайларында жұмыс орындарындағы өндірістік операциялар үшін децибелмен берілген дыбыс қысымының, дыбыс деңгейінің және баламалы дыбыс деңгейінің рұқсат етілген деңгейі

№	Қызмет түрі, жұмыс орны	Децибелмен берілген орта геометриялық жиіліктегі октавалық жолақтардағы дыбыс қысымының деңгейі, Гц									децибел (А) дыбыс деңгейі және баламалы дыбыс деңгейі
		31,5	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	АТБ-ның техникалық-конструкторлық бюроның, инженерлік техникалық құрамының, авиатехниканың техникалық диагностикалау үй-жайлары	93	79	70	63	58	55	52	50	49	60
2.	Авиациялық, радио-электрондық, электр жабдығын, қозғалтқыштар-ды бақылауға арналған аспаптарды, борттық өрт сөндіргіштерді қуаттандыруды тексеру және жөндеу бойынша, кондырғыларды пайдалану бойынша үй-жайлар (зертханалар), аккумуляторлық агрегаттық, компрессорлық бөлмелер	103	91	83	77	73	70	68	66	64	75
3.	Мембраналық анеройдтық аспаптарды, навигациялық оттегілік, радиобайланыс, радиолокациялық құрал-жабдықтарды, тіркейтін борттық жүйені, майды спектрлік талдау, жинау тексеру үй-жайлары (зертханалар)	96	83	74	68	63	60	57	55	54	65

4.	Ұшу апаратын жинауға, өңдеуге, талдауға арналған құралдарды пайдалану үй-жайлары (зертханалар)	86	71	61	54	49	45	42	40	38	50
5.	Әуе кемелерін жуу орны, бас механиктің цехы, ұстахана, ағымдық жөндеу, дәнекерлеу, сырлау, ағашпен жұмыс цехы, ангардағы, әуе кемесі кабиналарында-ғы, жылумен үрлеу машиналарында-ғы, перрондағы, әуе кемелерінің тұрағы орындарындағы, ангар алдындағы алаңдардағы, қозғалтқыштар-ды іске қосу және сынау үшін арнайы мақсаттағы алаңдардағы жұмыстар	107	95	87	82	78	75	73	71	69	80

"Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларға
3-қосымша

Тұйықты ашу схемасы

1. Станция бастығы (станция бойынша кезекші) құрамда карантиндік вагонның (вагондардың) болуы туралы хабарлама алып, мыналарды:

1) тұйықты ашу жоспарын қолданысқа енгізеді;

2) полицияның желілік бөлімі бастығына, сумен жабдықтауға, электрмен қамтамасыз етуге жауапты ұйымдардың басшыларына және басқа да қатысы бар адамдарға карантиндік режимді орындау жөніндегі іс-шараларды өткізу қажеттігі туралы мәлімдейді;

3) іс-шаралардың белгіленген мерзімдерде орындалуына бақылау белгілейді.

2. Полицияның желілік бөлімінің бастығы (30 минут ішінде) карантиндік вагон жолаушыларын қорғауды қамтамасыз ететін полиция нарядын жібереді.

3. Қоқыстар мен нәжістерді шығаруға жауапты ұйымның бастығы қоқыссалғыштардың, дәретханалық ыдыстардың болуын және жарамдылығын тексереді, болмаған жағдайда оларды 3 сағат ішінде орнатады және тұйықтан қоқыс пен нәжістерді жиналуына қарай (дезинфекциядан кейін) шығаруды қамтамасыз етеді.

4. Сумен жабдықтауға жауапты ұйымның бастығы су құбыры колонкаларының, өрт сөндіргіш гидранттардың жарамдылығын тексереді және сумен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

5. Электрмен қамтамасыз етуге жауапты ұйымның бастығы карантиндік тұйықтың жарықтандырумен қамтамасыз етілуін тексереді, қажет болған жағдайда оларды күшейту бойынша шара қабылдайды, сондай-ақ карантиндік поездың вагондарына 3 сағаттық мерзім ішінде жарық қосу туралы шара қолданады.

6. Тамақтандыруға жауапты ұйымның бастығы карантиндік вагонның жолаушыларына үш мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырады.

7. Вагонды күтіп-ұстауға жауапты ұйымның бастығы жеткілікті көлемде төсек жабдықтармен, шаруашылық мүкәммалмен (шелек, легендер, шәйнектер, ауыз суға арналған бактар, асхана және шай ішетін ыдыстар) қамтамасыз етеді.

8. Сигнализацияға және байланысқа жауапты ұйымның бастығы телефон қосуды және үзіліссіз байланысты қамтамасыз етеді.

9. Емдеу-профилактикалық ұйымының басшысы оқшауланған адамдарға медициналық қызмет көрсету үшін бір сағат ішінде персонал бөлуді қамтамасыз етеді, барлық оқшаулау мерзіміне медициналық қадағалауды және вагонда оқшаулау шараларының сақталуын қамтамасыз етеді.

"Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларға
4-қосымша

Жуу және дезинфекциялау құралдарының, жабдықтардың ең аз қоры

№	Атауы	Саны
1	2	3
1.	Электр кабелі	50 м
2.	Телефон кабелі	50 м
3.	Телефон аппараты	1 дана
4.	Су құбыры шлангілері	50 м
5.	Қоқыссалғыш	1 бірлік
6.	Дәретханаға арналған құрылғы	1 бірлік
7.	Қолжуғышқа арналған құрылғы	2 бірлік
8.	Металл ыдыс	2 бірлік
9.	Термос (5л)	5 бірлік
10.	Су қайнатқыш	5 бірлік
11.	Полиэтилен пакеттері	50 дана
12.	Дәретхана қағазы	10 дана
13.	Металл пеш	1 бірлік
14.	Қолжуғыш	5 бірлік
15.	Қолшамдар	5 бірлік

16.	Дезинфекциялау құралдары	кемінде 50 кг
17.	Жуу құралдары	кемінде 50 кг

"Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларға
5-қосымша

Карантиндік, аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауыратын науқас анықталған кезде жолаушылар поезының вагонын дезинфекциялауға қойылатын талаптар

1. Поезд вагонындағы ағымдық дезинфекция жолаушылар поезының жолсеріктері карантиндік немесе аса қауіпті жұқпалы аурумен ауыратын науқасты (күдіктіні) анықтаған кезде медицина қызметкерінің басшылығымен және бақылауымен науқасты вагоннан стационарға көшіргенге дейін жүргізіледі. Науқасты көшіргеннен кейін вагонда қорытынды дезинфекция жүргізіледі.

2. Ағымдық дезинфекциялауға:

- 1) науқастың пайдаланған, сілемеймен ластанған ыдыстары (нәжіс, құсық);
- 2) әрбір пайдаланғаннан кейін соңынан сумен шайыла отырып, ыдыс-аяқтар (стакандар, тарелкалар, қасықтар, шанышқылар);
- 3) тамақ қалдықтары, қоқыстар.

3. Іш киімдер мен төсек жабдықтары дезинфекциялау ерітіндісіне батырылған клеенкалы қапқа немесе жастықтың тысына жиналады, киім-кешектер жастықтың тысына салынып, қорытынды дезинфекциялауға дейін купеде сақталады.

4. Санитариялық торапта панельдер, еден, қолжуғыш раковина және унитаз дезинфекциялау құралдарының ерітіндісіне батырылған шүберекпен жуылады және сүртіледі.

5. Науқастың купесі дезинфекциялау ерітіндісімен жуылады, панельдер, есіктердің тұтқалары сүртіледі, еден немесе басқа да беттері науқастың сілемейімен (нәжіс, құсық, қақырық, зәр) ластанған кезде сол жерге дезинфекциялау ерітіндісі құйылып, артынан жуылып, сол жерге дезинфекциялау қайта жүргізіледі.

6. Вагон дәлізінің, басқа купесінің және тамбурларының едені жуылады, кілем төсеніштері, есіктердің тұтқалары және терезенің жаны дезинфекциялау құралдарымен сүртіледі.

"Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"

Тоңазытқыш қондырғылардағы температураны тіркеу журналы

№	Температураны тіркеу күні және уақыты	Тоңазытқыш қондырғыларының орналасқан жері	Температура көрсеткіштері	Ескертпе
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2021 жылғы 23 қыркүйектегі
№ ҚР ДСМ - 98 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 156 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10728 болып тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 3 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-9 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 5-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17501 болып тіркелген).

3. "Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20935 болып тіркелген).

4. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020

жылғы 29 шілдедегі № ҚР ДСМ-91/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21033 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК